



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН МҰРАТЫ: БІРЛІК, ТЕҢДІК, ӘДІЛДІК



Кеше Парламенттің VII шақырылымының үшінші сессиясы ашылып, онда дәстүр бойынша Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына кезекті жолдауын жасады. Президенттің бұл қадамынан барша қазақстандықтар ел өмірінде қордаланған өзекті мәселелердің тиімді шешімін, жарқын болашаққа бастар игілікті жоспарлар күткені белгілі. Сол үміт ақталғандай. Мемлекет басшысы халыққа арнаған осынау бағдарламасында барлық саладағы мәселелердің оң шешімін ұсынып, жаңа Қазақстанды құрудың басымдықтарын айқындап берді.

(Соңы 2, 3-беттерде)

ТҮЛҒА

АТА ЗАҢДЫ ЖАҢҒЫРТҚАН ҒҰЛАМА

Еліміздің тәуелсіздікке ие болу бақытын көрумен бірге, «Қазақтың Ата Заңы» деп кеуде көріп, мақтан тұта алатын заманға жетіп, күй болып отырған біздер шексіз бақытты ұрпақ екенбіз. Қазақтың Ата Заңы деген осы бір қасиетті ұғымның құлағымызға сіңісті болып, көзіміз үйреніп кеткелі қашан?

Әрине, жараның орны жазылар, таксыр уақыт бәріне емші, дегенмен, мұндай халық үшін бағасы аса құнды, қасиетті ұғымдарға қандай күрес нәтижесінде қол жеткізгенімізді сезіне білу, қадіріне жету, ұрпақ жадында жаңғыртып, есіне салып отыру – әсіресе, қос кезеңді де қатар бастан кешкен аға буынның абзал борышына айналуда тиіс деп ойлаймын. Өйткені, аға буын өкілдері, біздер, екі дәурді салыстыру арқылы бұл ұғымдардың қадір-қасиетін көбірек сезінеміз, білеміз, кезең-кезеңге бөліп, тарихи сараптама жасап, әділетті бағасын да шығара аламыз, ал ол заманды көрмеген ұрпақтың еш айыбы жоқ. Жас ұрпақ, біздерден, заңды түрде өткен кезеңдер туралы байыптама талап етуге қақысы бар деп пайымдаймыз.

Сондай-ақ, «Қазақтың ата заңдары» деген қасиетті атаумен ғұлама ғалым, заңгер, академик С.Зимановтың жетекшілігімен жарық көрген он томдық жинақтың да төрімізден орын алғанына біршама жыл өтіпті. Өзге де толып жатқан ұланғайыр еңбектерін есептегеннен өзінде, ұлы ғалым осы баға жетпес еңбегімен-ақ еліміздің тарихында қалып, есімі ардақталып, ел шежіресінде алтын әріптермен жазылып, мәңгілікке сақталып қалары сөзсіз. Әрине, бұл жинақта өзге де әйгілі ғалымдардың қолтаңбасы бар, сіңірген еңбектері бар, дегенмен, Ата Заңымыз-

дың халқымызға өз мәнінде танылып, жұртымен қайта қауышуына ұшан-теңіз үлес қосқан, осы қасиетті еңбекті ең алдымен қолға алып ұйымдастырушы болған, басқарып, жетекшілік еткен Салық Зиманұлы аласартпаймыз.

Қазір кеменгер тұлғамыздың жемісті де жанкешті еңбегінің арқасында «Ата Заң» деген термин «Конституция» ұғымымен тең дәрежеде қолданылатын биік мағынаға ие болды, тіпті, ұлттық деңгейдегі қадір-қасиеті мен бағасы одан да жоғары тұр десек, артық айтқандық болмас. Бұл ұлттың шексіз сүйген, оның болашағына қызмет етуді қасиетті парызым деп ұғып өскен, сол жолда жаны киноға әзір болған ұлы ғалым еңбегінің, төгілген терінің нәтижесі.

XX ғасырдың басында ұлт болашағы үшін жанқиярлықпен еңбек еткен Әлихан Бөкейханұлы бастаған Алаш ардақтыларының аманатын арқалаушы, мұрат-мүддесін алға апарушы тұлғаларымыздың бірегейі ретінде Салық Зиманұлы атауымыз әбден орынды. Ал, Ата Заңымызға басымызды иіп, тағзым ете отырып, ұлы ғалымның қасиетті еңбегін ардақтап, құрметпен еске алу бізге парыз. Осы мақала да сол парызды сезінген шынайы ниеттен туындап отыр.

Иә, бұл қасиетті кітап жинақтарының елін

сүйетін, елінің заңын құрметтейтін әрбір азаматтың шаңырағының төрінен орын аларына, жұмыс үстелінің бетінде тұратынына сенімдіміз. Өйткені, бұл кітаптардың шамшырақтай қадірі өте жоғары. Мұнда кешегі кеңестік империялық дәуірдің тарихында мүлде басқаша сипатталған, яғни, еліміздің заң шежіресі тек кеңестік коммунистік партия тарихымен ғана байланыстырылып келген көзқарас түбірімен жойылып, жаңа, соны арнаға түсті. Ел тарихының тірілуімен, Ата Заңымыз жанданды, соған сәйкес кеңестік одақ құрамында қолданылып келген конституциялық заң ережелері түбегейлі өзгеріп, қайта жасақталды. Жұртымыз үшін ең үлкен қуаныш – заң тарихы әлденеше ғасырға шегеріліп, өзінің нағыз бастау алған түп-тамырымен жалғасын тапты, яғни, қазақ елі – ел болып қалыптасқан, айнала қоршаған іргелі көршілес елдермен иық теңестіріп, ордалы жұрт болған даңқты кезеңдерімен қайта табысты. Төңіректі тегіс мойындатқан Қазақ Ордасының қалыптасуында зор рөлге ие болған мәңгілік ата заңдарымыз өмірге қайта келді, жұртымыз мәңгілікке қауышты. Ұға білгенге бұл біздің жұртымыздың баға жетпес зор бақыты болатын.

Салық Зиманұлының Ата Заңды тірітіп, жандандырып, жаңғыртқан ұлы еңбегіне тереңірек тоқталмас бұрын, өткен саяси кезеңдерге шолу жасай кеткіміз келеді. Өйткені, бұл жақсы болсын, жаман болсын, еліміздің басынан өткен тарих.

(Соңы 5-бетте)

СҮЙНІШІ

БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС, республикалық «Заң газеті» басылымының мұрындық болуымен өтетін Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауы биыл да жалғасын табады. Бесінші рет ұйымдастырылып отырған додаға Қызылорда облысының әкімдігі қолдау көрсетпек. Бұйыртса биылғы жүлдегерлерді қазан айының соңына қарай қасиетті Сыр елінде марапаттаймыз.

БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ МАҚСАТЫ:

- детектив жанрының атасы Кемел Тоқаевтан кейін кенжелеп қалған жанрды жандандыру;
- детектив шығармалар жазуға деген көпшіліктің ынтасын ояту;
- шытырман шығармаға қызығушылықты арттыру;
- осы жанрдың көмегімен құқық қорғау, сот, адвокаттық салада еңбек етіп жүрген мамандардың еңбегін дәріптеу.

БАЙҚАУҒА КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?

Соңғы үш жылда осы байқауға қатысып, бас жүлде мен бірінші орын алған адамдар байқауға қатыстырылмайды. Басқа үміткерлердің бақ сынауына толық мүмкіндігі бар.

Үміткерлер шығармасын zangazet@mail.ru эл.поштасына немесе Алматы қаласы, Досмұхамедов көшесі 68Б мекенжайына «Байқауға!» деген белгімен жолдай алады.

Байқауға жіберілген материал көлемі А4 форматында 14-шрифтпен жазылғанда 10 беттен аспауы керек. Шығармалар осы жылғы 30 қыркүйекке дейін қабылданады. Белгіленген мерзімнен кешігіп келген еңбектер байқауға қатыстырылмайды. Материалдар «Заң газетінде» және zanmedia.kz сайтында жарияланып тұрады. Сондай-ақ, детектив жанрының талаптарына сай келмейтін шығармалар қазылар назарына ұсынылмайды.

ЖҮЛДЕ ҚОРЫ ҚАНДАЙ?

Байқаудың бас жүлдесі – біреу, 1-орын – біреу, 2-орын – екеу, 3-орын – үшеу және бес ынталандыру сыйлығы қарастырылып отыр.

Биылғы жылдың бір ерекшелігі – оқырманның дауысына (дауыс онлайн жағдайда беріледі) ең көп ие болған үміткерге бірінші орынға тең дәрежеде жүлде тағайындалады. Сонымен бірге, жазуға қабілеті бар студент жастарды, жоғары сынып оқушыларын ынталандыру мақсатында да арнайы жүлде белгіленіп отыр.

Ал, құрметті оқырман!
БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫП, БАҚ СЫНАҢЫЗ!
ІСКЕ СӨТ!



МӘСЕЛЕ

ЖАЗАСЫН ӨТЕП ШЫҚҚАНДАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ НЕГЕ ЖОҚ?

Соңғы жылдары елде қоғамды ізгілендіру мақсатында көптеген игі іс шаралар атқарылды. Уақыт талабына иелесе алмайтын заңдар қайта қарастырылып, толықтырулар мен өзгертулерге ұшырады. Оның кейбірі бүгінде өзінің жемісін беріп те жатыр. Алайда, біз оқыстан жаза басып немесе бақытсыздыққа ұшырап темір тордың арғы жағында отырып келгендерді қоғамға қайта кіріктіріп, бейімдей алып жатырмыз ба? Бұл бағытта елде қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

Тарихқа үнілсек, «Бір жаманы сонда да үй салмаған, Бір жақсысы абақты тұрғызбаған», – деп жырлапты Қадыр Мырза Әлі ақын. Тентегін қариялары тектеп, жүгенсізін ел ағалары жөнге салған ел едік. Қазір қалай? Осы қауқар, осы пәрмен қайда кетті? Бүгінде жаза басқанды да, қасақана қылмысқа барғанды да жазалаудың ең оңтайлы әдісі – түрмеге тоғыту болды.

(Соңы 6-бетте)

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН МҰРАТЫ: БІРЛІК, ТЕҢДІК, ӘДІЛДІК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Президент жолдауынан түйгеніміз – жалпыұлттық референдумда тұғырын бекіткен саяси жаңғыру енді шын мәніндегі экономикалық өзгерістерге ұласпақ. Бұл ретте «Азамат – бизнес – мемлекет» арасындағы қатынас түбегейлі өзгеріп, мемлекет, бәріне бірдей мүмкіндік беріп, әділдік орнатады. Қоғам игілігіне арналған қызмет деңгейі жоғары болуына кепілдік береді. Әлеуметтік жағынан әлсіз топтағы азаматтарға қолдау жасалып, мүмкіндігі шектеулі жандарға да көмек көрсетілетін. Президент жанындағы Омбудсмен тағайындалады. Мемлекет экономикалық еркіндікті қолдай отырып, халықты нарық тұрақсыздығының ықпалынан барынша қорғайды. Жаңа экономикалық бағдарымыздың басты басымдықтары ретінде жеке кәсіпкерлік бастамаларды ынталандыру, яғни, мемлекеттік капитализмнен және мемлекеттің экономикаға шектен тыс араласуынан бас тарту, бәсекелестікті дамыту, яғни бәріне бірдей мүмкіндік беру, сондай-ақ ұлттық табысты әділ бөлуі атады. Бұл үшін баға белгілеу ісіне мемлекеттің араласуынан біртіндеп бас тарту, монополистердің тарифтерін қатаң бақылауға алу, тарифтерді тоғыспалы субсидиялаудан, яғни бір тұтынушылар үшін бағаны ұстап тұру мақсатымен басқалар үшін бағаны көтеру тәсілінен біртіндеп бас тарту қажет. Екінші, экономиканы одан ары монополиясыздандыру үшін нақты институционалды шешімдер қабылдау қажет. «Конгломерат» ұғымын заң жүзінде айқындап алған жөн. Нарықтың өзара байланысты субъектілері экономикалық әлеуетін бір жерге шоғырландыру үшін рұқсат алуға міндетті. Олардың барлық мүмкіндігін, соның ішінде нарыққа тән емес бағаларды қолдану белгілері бойынша жасалған келісімдерін де мұқият тексеру керек. Бірыңғай операторлардың қызметі нарықтық экономиканы дамытуға кері әсер етеді. Сондықтан бұл институтты ретке келтірген жөн.

Салық саясаты түсінікті жүру керек

Экономиканың тұрақты өсуі үшін салық саясаты түсінікті және болжауға болатындай етіп жүргізілуі керек. Фискалды реттеу ісін қайта жаңғырту үшін 2023 жылы жаңа Салық кодексі әзірленеді. Оның ең түйкілі тұсы саналатын салықтық әкімшілендіру мәселесі түгел қайта жазылуға тиіс. Сондай-ақ, жұмыс барысында бетпе-бет кездесу мүлдем болмайтындығы етіп, салықтық бақылау қызметін толық цифрландыру керек. Тағы бір басымдық – салықтық ынталандыру шараларының тиімділігін арттыру. Ол үшін экономиканың түрлі саласында дифференциалды салық мөлшерлемесіне көшкен жөн. Салық төлеушілердің салықтан жалтаруға құмарлығын азайту үшін арнайы салық режимдерін жеңілдету керек. Осы ретте, Мемлекет басшысы, автокөлік сатып алу кезінде төленетін алым-салық мәселесіне арнайы тоқталып, кейбір жақын шетелдерден әкелінген автокөліктердің заң аясынан тыс қалуы қоғамдық қауіпсіздікке қатер төндіріп жатқанын сыныға алды. Заңсыз көлік әкелетін амал-тәсілдің бәріне тосқауыл қою үшін батыл шаралар қабылдауды тапсырды. Сонымен қатар 1 қыркүйекке дейін елге әкелінген автокөліктерді заңдастыру мақсатында утилизация және алғашқы тіркеу үшін төленетін қаржы көлемін 200-250 мың теңгеден асырмай, бәріне бірдей және бір реттік алым алуды ұсынды. Алайда бұл – іздеу салынбаған және кеден рәсімдерінен өткен көліктерге ғана қатысты шара болмақ. Мемлекет басшысы осы ретте кеден жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету қажеттігін де айтып, салық және кеден саласындағы ақпараттық жүйелерді толық біріктіру ісін аяқтау қажеттігін шегеледі. Шекараға интеграцияланған кедендік бақылау тәсілін енгізу қажет. Кедендік рәсімдеу орталықтары «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істеуге тиіс.

Көрепке қарай көсілген жөн

Мемлекет басшысы айқындаған басымдықтардың бірі бюджет қаражатына қатысты болды. Президент бұл ретте үнемдеу, яғни, көрепке қарай көсілуді қажеттігін мәлімдеді. Үкіметке бюджет саясатына реформа жасау жүктелді. Оның аясында бюджет кодексінде шекті нормативтер бекітіліп, олар бюджетті жоспарлау және орындау кезінде міндетті түрде назарға алыну керек. Ұлттық

кордың қаржысын тиімсіз жұмсау тоқтатылады. Қордың қаражаты аса қажет инфрақұрылымды дамытуға және еліміз үшін маңызы зор жобаларды қаржыландыруға ғана жұмсалатын болады. Бюджет үдерістері барынша жеңілдетіліп, мемлекеттік органдарда игерілмеген қаражатты келесі жылға қалдыруға мүмкіндік беру міндеттелді. Президенттің айтуынша, осы арқылы ақшаны бюджетке қайтарудың тиімсіз тәртібінен құтылатын боламыз.

«Халық қатысатын бюджет» жобасы тиімді іске асырылып жатыр. Оның ауқымын кеңейтіп, жобаға аудандық маңызды бар қалалар мен ауылдарды тарту керек. Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы қаржысының кемінде 10 пайызы қайда жұмсалатынын қоғамның өзі айқындауға тиіс. Осы айтылған мәселелерді тиімді жүзеге асыру үшін жаңа Бюджет кодексін қабылдау қажет.

Кәсіпкерлікті қолдау артады

Мемлекет басшысы экономиканың бәсекеге қабілетін арттырудың төте жолы ретінде кәсіпкерлікті дамытуға қатысты да нақты тапсырмалар берді. Бұл ретте мемлекеттің енді, қаржылай қолдау жасаған кезде бәсекеге қабілетті шағын және орта бизнес өкілдеріне баса мән беретіні белгілі болды. Еңбекақы төлеу қорын көбейткен және салық төлемдерін арттырған кәсіпорындарға қолдау көрсетіледі. Бұл – негізгі талап.

Мемлекеттік сатып алудың мүлде жаңа жүйесі жасалып, бұл орайда бағаның төмен болуы ғана емес, тауарлар мен қызметтердің сапасы басты назарда болмақ. Мемлекеттік және квазимемлекеттік сатып алуды бірыңғай платформаға көшіру қажет. Осының бәрін жүзеге асыру үшін «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заң қабылдануға тиіс.

Мемлекет пен жекеменшік серіктестігіне қатысты да нақты тапсырмалар берілді. Мемлекет басшысы бұл орайда қазір көптеген жобалардың кейбір кәсіпкерлер мен шенеуніктердің майшөлпегіне айналғанын орынды айта келіп, келісімшарттар ашық және конкурстық негізде жасалу қажеттігін мәлімдеді. Үкіметке арнайы заң әзірлеп, онда осы мәселенің құқықтық негізін жасауды міндеттеді. Отандық бизнес үшін түйкілі мәселе болып отырған несие ресурстарының тапшылығына тоқталды. Президенттің айтуынша, Қазақстанда шағын және орта бизнесті қаржыландыру үшін 42 миллиард долларға жуық қаражат жетіспейді. Сөйте тұра, банктерде триллиондаған теңге іс жүзінде экономикаға еш пайдасын тигізбей босқа жатыр. Ұлттық банк, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, Үкімет бірлесіп, нақты секторды тұрақты әрі қолжетімді несиемен қамтамасыз ететін нақты шешімдер қабылдауға тиіс. Шетелдерде бұған қатысты он тәжірибелер бар.

Мемлекет басшысы осы ретте кәсіпкерлерге жер телімдерін ашық әрі жедел бөлудің тиімді тәсілдерін айқындау қажеттігін де шегеледі. Әрбір аймақ пен елді мекенде бос жатқан немесе мақсатына сай игерілмеген жердің бар-жоғы анықталуы қажет. Бұл ақпаратты бизнес өкілдері білуі тиіс.

Инвестициялық тартымдылық басты назарда

Экономиканың күре тамыры нақты секторды дамытуға қатысты да заңнама мен рәсімдерді қайта қарап, оларды барынша қолдануды жеңілдетуді ұсынды. Бұл ретте алдымен жер қойнауын игеру ісіне инвестиция тартуға маңыз берілді. Геологиялық ақпарат туралы бірыңғай мәліметтер банкі құру жұмысын аяқтау қажеттігі айтылды. Үкіметке индустрия және жер қойнауын игеру салаларының инвестициялық тартымдылығын арттыру міндеттелді. Өз тапсырмасы бойынша былтыр тиімділігі айқындалған арнайы экономикалық аймақтарды дамыту үшін мүлде басқа саясатқа көшу қажеттігін мәлімдеді. Президенттің айтуынша, қазіргі таңда шетел компаниялары Қазақстанға көше бастаған уақытта бұл мәселе тіпті өзекті болып отыр. Арнайы экономикалық аймақтарға инвестициялық жеңілдіктерді саралап беру керек. Негұрлым көп ақша салсаң, соғұрлым көп жеңілдік аласың деген ұстаным басты қағида болуы қажет. Оларға салық және кеден жеңілдіктерін ұсынбай-ақ, жер телімдерін беруге болады. Жалпы, инвестиция тарту жұмысын жүйелі жүргізу керек. Бұл – Үкіметтің алдында тұрған басты міндеттің бірі.

Жолдаудан белгілі болған тағы бір мәселе енді мемлекет өзінің экономикаға араласуын біртіндеп

азайта береді. «Самұрық-Қазына» қоры экономиканың басты салаларына бақылау жасауға ғана жеткілікті ықпалы бар мажоритарлы инвесторға айналады. Сондықтан қордың басқа активтері мен акцияларын жекешелендіру керек. Оны жүзеге асыруға «Халықтық IPO» тәсілін де қолдануға болады. «Самұрық-Қазына» қоры жеке инвесторлар дербес жүзеге асыра алмайтын аса маңызды жобаларға инвестор ретінде қатыса алады. Мұндай жобаларды Президент анықтайды.

Жерді игеруге әкімдер жауапты

Елдегі өзекті мәселе болып отырған азық-түлік өнімдерінің қымбаттығы мен қауіпсіздігі мәселесін шешу ауылшаруашылығының даму деңгейіне байланыстылығы белгілі. Мемлекет басшысының бұл салаға айрықша тоқталуы заңды еді. Жолдауда оның өнімдерінің көлемін және оның қосымша құнын арттыру стратегиялық міндет ретінде мәлімделді. Қазір тек бидай мен мал сатып отыратын заман еместігі, өнім шығарудың өзектілігі атап көрсетілді. Бұл үшін үкімет агроөнеркәсіп саласын субсидиялаудың ұзақ мерзімге арналған жаңа тәсілдерін әзірлеуге тиіс. Бюджет қаражатының қайтарымы болуы керек. Мемлекет қаржыны оңды-солды шашып, ысырап етуге жол бермейді. Субсидия бөлуге және оның жұмсалыуына жүргізілетін бақылауды күшейту керек.

Ауылшаруашылығында озық технологиялар тапшы. Қазір ауыл шаруашылығына арналған жер туралы толыққанды ақпарат жоқ. Жердің құнары, су ресурсы мен суару жүйесі және оның жолдары жайлы мәліметтер жан-жақта шашырап жатыр. Сондықтан, осының бәрін жинақтайтын цифрлық платформа енгізілуі керек. Тұтастай алғанда, еліміздің агроөнеркәсіп кешені келесі жылдан бастап жаңа әрі тұрақты ереже бойынша жұмыс істеуі қажет. Осы орайда, Мемлекет басшысы игерілмей жатқан жерге қатысты да нақты міндеттер айқындады. Президенттің айтуынша, игерілмей жатқан немесе заңсыз берілген жер көлемі 10 миллион гектарға жуық. Үкімет пен әкімдіктерді келесі жылдың соңына дейін осы жерлерге қатысты нақты шешім қабылдауға шақырды. Сонымен қатар Су кеңесінің жұмысын жандандырып, оған білікті сарапшыларды жұмысқа тарту, су саласын дамытудың үш жылдық жобасын әзірлеу тапсырылды.

Ұлт саулығы – даму кепілі

Еліміздің басты құндылығы – адамға қамқорлық, оның саулығы нақты бағдардың өзегі болды. Мемлекет басшысы бұл ретте ұлттық байлықты тең бөлу және баршаға бірдей мүмкіндік беру – реформаның басты мақсаты болатынын мәлімдеді. Осы орайда бірқатар өзекті мәселелерді Үкіметтің назарына салды. Соның бірі денсаулық сақтау ісі. Бұл салада қанша реформа жүргізілсе де ілгерілеушіліктің болмай отырғанын атап өткен Президент бұған қаржының жеткілікті бөлінбеуін себеп етті. Осының салдарынан жұртшылық сақтандыру жүйесіне қосылса да, медициналық қызметті толық көлемде ала алмай отыр. Мемлекет кепілдік берген және сақтандыру пакеті болып екіге бөлінген жүйенің тиімділігі төмен. Тіпті, сақтандыру моделі тұрақсыз әрі жүйесіз дамуда. Бұл – үлкен олқылық. Мемлекет басты мақсаты ерікті медициналық сақтандыру жүйесін енгізетін уақыттың туғанын айтып, Үкіметке денсаулық сақтау саласын және жалпы әлеуметтік саланы қаржыландыру жүйесін қайта қарауды тапсырды. Медициналық инфрақұрылымды кешенді түрде жақсартуға баса назар аударып, мемлекет пен жекеменшіктің серіктестігін тиімді пайдалану қажеттігін айтты.

«Мен келесі жылдан бастап ұлттық жобаны жүзеге асыруды тапсырдым. Бұл құжат, ең алдымен, ауыл тұрғындарының сұранысын қанағаттандыруға арналған. Бүгінде еліміздегі 650 елді мекенде емдеу мекемесі жоқ. Алдағы екі жылда бұл ауылдарда медициналық және фельдшерлік-акушерлік бөлімшелер салынып, қажетті құрал-жабдықпен толық қамтамасыз етіледі. Ұлттық жоба аясында 32 аудандық аурухана заманға сай жаңарып, енді ауданарлық көпбейінді мекемеге айналады. Онда инсульттен емдеу орталықтары, хирургия, жансақтау және оңалту бөлімдері ашылады. Бұл төрт миллионнан астам адамға көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын арттырады. Сонымен қатар, телемедицина бағытын дамытамыз. Сол арқылы шалғайда тұратын халыққа сапалы

медициналық қызмет көрсетілетін болады» деді. Денсаулық сақтау саласы бәсекеге қабілетті болуы үшін дәрігерлер дайындау жүйесін жетілдірудің маңыздылығын атап көрсетті. Алдағы үш жылда резидентураға бөлінетін грант саны 70 пайызға көбейетінін айтты.

«Жайлы мектеп» жобасы білім сапасын арттырады

Білім беру ісіне қатысты да көптің көкейіндегі мәселелер қозғалды. Елімізде екіден алты жасқа дейінгі балалардың жартысынан астамы ғана балабақшаға баратынын айтып, бұл мәселені түпкілікті шешу міндеттелді. Оған қоса, тәрбиешілердің әлеуметтік мәртебесін арттырып, жалақысын көбейту, осы саладағы мамандарға қойылатын нақты талаптар бекітілуі қажеттігін атап көрсетті.

Табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты – орта білімнің сапасын жақсарту үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынғаны белгілі болды. Соның аясында 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасалмақ. Бұл апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқитын мектеп мәселесін толық шешіп, ауыл және қала мектептерінің айырмашылығын едәуір азайтады деген сенім бар. Осы орайда Президент жемқорлардың заңсыз тапқан қаржысы олар сотталған соң мемлекетке өтіп, түгелдей мектеп құрылысына жұмсалуды тиістігін мәлімдеді. Үкімет осы бастаманы заң тұрғысынан рәсімдеу туралы шешім қабылдауы керек.

Мектеп формасын барлық оқушыға барынша қолжетімді ету аса маңызды. Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз саналатын кейбір топтағы балаларға оны бюджет есебінен беру қажет. Мектеп формасына арналған мемлекеттік тапсырысты отандық жеңіл өнеркәсіпті дамытуға бейімдеген жөн. Ал, мұғалімдерге қатысты педагогикалық жоғары оқу орындарын аккредитациялаудың жаңа стандарты қабылданып, ұстаздардың құзырет аясы айқындалатыны белгілі болды.

Мемлекет басшысы осы орайда қоғамдағы пікірталасқа өзек болып жүрген қазақ және орыс тілін мектепте оқыту мәселесіне қатысты нақты мәлімдеме жасады. Оның айтуынша, біз қазақ тілін де, орыс тілін де жақсы білетін балаларды тәрбиелеуіміз қажет. Себебі, бұл ұрпақтың мүддесі үшін керек. Оқу-ағарту министрлігі популярды жетегінде кетпей, балалардың мүддесін қорғауға тиіс.

Техникалық және кәсіби білім беретін оқу орындары еңбек нарығының нақты сұранысына бейімделуі және еліміздің жаңа экономикалық бағдарының міндеттеріне сай болуы керек. Ата-аналар мен оқушылар алған білімнің және игерген машық-дағдысының сапалы және сұранысқа ие болуы үшін белгілі бір деңгейде жауапты екенін сезінуге тиіс. Сондықтан, олармен де үнемді әріптестік қатынас орнату білу керек. Осы мақсатта жеке білім беру вучерлерін енгізу жоспарланып отыр. Баланың білім алуына, оның ішінде сыныптан тыс оқуына мемлекет бөлетін қаражат бірыңғай білім беру есепшоттарында жинақталады. Бір сөзбен айтқанда, мұны балалардың білім алуына инвестиция ретінде жұмсалатын алғашқы мақсатты капиталға деуге болады. Бұл қадам еліміздің әрбір азаматы үшін бірдей мүмкіндік қағидатын іс жүзінде қолдануға жол ашады. Жоғары білім саласындағы реформаларды да осы бағытта жүзеге асырған жөн. Отандық жоғары оқу орындарының білім сапасы артқан сайын ондағы оқу ақысы да өсе түседі. Сондықтан мемлекет ұлттық бірыңғай тестілеудің нәтижесіне және басқа да көрсеткіштерге байланысты білім беру гранттарын әртүрлі деңгейде бөлуі жоспарлап отыр. Оның көлемі 30-дан 100 пайыз аралығында болады. Білім алуға жылдық өсімі 2-3 пайыз болатын жеңілдетілген несие де беріледі. Студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету үшін оқу орындарымен және құрылыс компанияларымен мемлекеттік-жекеменшік серіктестік орнату тәсілін барынша енгізу керек. Студенттердің жекелеген, әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған санаттары үшін пәтер жалдауға кететін шығынын субсидиялау мүмкіндігін де қарастыруға болады.

Еңбекақы нарыққа сай болсын

Жолдауда айқындалған басымдықтың бірі халықтың әл-ауқатының артуындағы шешуші фактор – еңбекақыны нарықтағы жағдайға сай



өсіру болды. Президенттің айтуынша, мемлекет ең төменгі жалақыны айқындаудың жаңа тәсілін енгізеді. Бұл әдіс оның мөлшерін біртіндеп ұлғайтуға мүмкіндік береді. Осыған орай, Мемлекет басшысы тарапынан ең төменгі жалақы деңгейін 60 мың теңгеден 70 мың теңгеге дейін көтеру туралы шешім қабылданды. Бұл шешім 1,8 миллион азаматтың табысына тікелей әсер етеді.

Қоғамда жиі көтеріліп тұрған зейнетақы жүйесін қағасты да нақты қадамдар жасалмақ. Мемлекет басшысы бұл ретте зейнетақының ең төменгі базалық мөлшерлемесін біртіндеп ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызына, ал жоғарғы шегін 120 пайызына жеткізу қажеттігі жайлы өз ұстанымын білдірді. Бұған дейін қабылданған шешімдермен бірге бұл қадам 2025 жылға қарай жиынтық зейнетақы мөлшерін орташа алғанда 27 пайызға көбейтеді. Сондай-ақ, әлеуметтік талап-тілегіне орай әйелдердің зейнет жасы 2028 жылға дейін 61 жас деңгейінде қалдырылмақ. Осы орайда Президент Үкіметке Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының тиімді инвестициялық стратегиясын әзірлеуді тапсырды.

Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне де өзгеріс енгізілмек. Осы шараның аясында 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап бала күтімі үшін төлемақы төлеу мерзімін саби бір жарым жасқа толғанға дейін ұзартылады. Әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға жұмысыз қалғаны үшін төленетін төлемақы орташа айлық табысының 45 пайызына дейін көбейтіледі. Атаулы әлеуметтік көмектің бірыңғай жүйесін құру азаматтардың әл-ауқатын жақсарту ісіндегі маңызды қадамның бірі болмақ.

Жастарды қолдауға қатысты нақты міндеттер айқындалды. Мемлекет басшысы бұл орайда Үкіметті еңбекпен қамтитын түрлі шаралар арқылы келесі жылы 100 мың жасқа жұмыс беруді міндеттеді. Жастардың кәсіпкерлік бастамаларын жүзеге асыру үшін оларға жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несиесі берілетінін мәлімдеді.

Ұлттық қор табысынан балалар үлес алады

Жолдаудағы көптің көкейінен шыққан Президенттің әрбір отбасы еліміз пайдаланып жатқан ұлттық байлықтың игілігін көруі керектігі жайлы мәлімдемесі көпшілік көңілінен шыққаны анық. Бұл орайдағы қабылданған шара Балалар жылының аясында «Ұлттық қор – балаларға» атты мүлде жаңа бағдарлама шеңберінде шешімін таппақ. Сонымен қатар, Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызын балалардың арнаулы жинақтаушы есепшотына аудару жайлы Президент ұсынысы да ел болашағын қамдаған игілікті шара. Қаржы әр бала 18 жасқа толғанға дейін аударылып тұрады, оны мерзімінен бұрын есепшоттан шығарып алуға болмайды. Ол балалар көмектесу жасына толғаннан кейін олардың баспана немесе білім алуына жұмсалатын болады. Бұл қаражат өскелең ұрпақтың үлкен өмірге қадам басыуына мүмкіндік береді. Президент бастаманы мұқият әзірлеу қажеттігін ескере отырып, Үкіметке жобаны 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап іске қосуды тапсырды. Сол секілді «Самұрық-Қазына» қоры таза пайдасының кемінде 7 пайызын «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына аударатын болады. Президент бұл қорға табысы мол кәсіпкерлер мен азаматтарды демеушілік көрсетуге шақырды.

Осы орайда адам әлеуетін дамыту – маңызды мәселенің бірі екеніне айрықша тоқталған Қасым-Жомарт Кемелұлы бұл мақсатқа қол жеткізу үшін тиімді көші-қон саясатын жасаудың да маңыздылығын ұмытпады. Оның айтуынша, осы арқылы сұранысқа ие болып отырған және жоғары білікті мамандардың тапшылығын азайту қажет. Ғылым, денсаулық сақтау, өндіріс, IT салаларының білікті мамандарына жеңілдік жасалады. Мемлекет оларға елімізде тұрақты тұру үшін виза

береді. Шетел кәсіпкерлері он жылға виза рәсімдеп, Қазақстанда тұруға мүмкіндік алады. Бірақ олар экономикамызға 300 мың доллардан астам инвестиция салуы қажет. Қандастардың көшіп келуіне және ішкі миграцияға қатысты саясат түбегейлі өзгереді. Бұл орайда, демографиялық және экономикалық үрдістерді ескеру керек. Сондай-ақ, жалпыұлттық мүддені басшылыққа алу өте маңызды. Кәсібилік пен еңбекқорлық қоғамымызда ең жоғары орында тұруы керек.

Мемлекетті білікті кадрлар басқаруы керек

Осы мақсаттардың жүйелі түрде жолға қойылып, тиімді жүзеге асуы мемлекеттік басқару ісінің сапасына байланысты болса, Мемлекет басшысы бұл тұрғыда да нақты басымдықтарды айқындап берді. Жалпы, экономиканы түбегейлі реформалау үшін мемлекеттік басқару жүйесіне серпіліс қажеттігі белгілі. Осы орайда, Президент жұртшылықтың бос сөзден, жарқын болашақ туралы жалынды ұрандардан жалыққанын, халықтың мемлекеттік органдардың өз уәдесін қағаз бетінде емес, іс жүзінде орындағанын қалайтынын баса айтты. Саяси қызметшілердің жеке жауапкершілігін арттыра отырып, мемлекеттік басқару жүйесін орталықсыздандыруға баса мән беру қажеттігін мәлімдеді. Үкіметтің кейбір құзыреттерін министрліктерге беруді ұсынды. Нақты бір саладағы саясатқа «құжымдасқан кабинет» емес, нақты бір министр жауап беру қажеттігін атап көрсетті. Үкімет салааралық мәселелерді шешумен шұғылдануы қажет. Премьер-Министр кеңсесін мемлекеттік басқару ісінің үздік стандарттарына сай келетін, ықшамды Үкімет аппараты ретінде қайта құру осы бағыттағы алғашқы қадам болмақ. Басты мақсат – оның атауын өзгерту емес, нақты реформа жасау.

Орталық мекемелерді оңтайландыру арқылы жергілікті атқарушы органдардың өкілеттігі де айтарлықтай кеңейтілуі керек. Бұл тәсіл қордаланған мәселелерді өңірлерде, ел ішінде шешуге мүмкіндік береді. Жергілікті өзін-өзі басқару мәселелеріне, қоғамдық кеңестердің, пәтер иелері кооперативтері мен мүлік иелері бірлестіктерінің қызметін өзгертуге айрықша назар аудару қажет. Осы мәселелерді ортаға сала келіп, Президент Үкіметке жаңа әкімшілік реформа әзірлеуді тапсырды. Осы орайда Мемлекет басшысы елімізге сапалық тұрғыдан жаңа мемлекеттік басқарушылар қажеттігіне де назар аударып, мемлекеттік қызметшілерді іріктеу және жұмыстан босату жүйесін заман талабын ескере отырып, қайта жасау қажеттігін мәлімдеді. Оның айтуынша, мемлекеттік қызмет жеке сектордағы кәсіби мамандар үшін барынша ашық болғаны дұрыс.

Квзимемлекеттік сектордағы басқару ісінің тиімділігін арттыруға айрықша назар аударған жөн. Бұл бағытта нақты жұмыс атқарыла бастады. Соны аяғына дейін жеткізу керек. Ол үшін «Самұрық-Қазына» қорының жаңа жұмыс үлгісін түпкілікті айқындап алу қажет. Әлемдегі ең үздік инвестициялық және өндірістік компанияларды үлгі ретінде алу керек.

Ар тазалығы қазыларға міндет

Жолдауда Мемлекет басшысы айрықша тоқталған мәселенің бірі заң үстемдігіне, сот төрелігінің әділдігіне қатысты болды. Бұл орайда қазылар қауымын шұғыл түрде қайта іріктеп, жаңартып жасақтау міндеттелді. Қазылар жоғары білікті, адал, сондай-ақ жемқорлықтан таза болуы қажет. Ең алдымен, барлық судьялардың мәртебесін теңестірген жөн. Олар өзінен жоғары тұрған

әріптестеріне тәуелді болмауы керек. Көптеген сот төрағасы лауазымы судья лауазымы болып өзгереді. Осы жайды айта келіп, Президент Сот төрағасы және Сот алқасының төрағасы лауазымына үміткерді судьялар өздері сайлайтын тәсіл енгізуді ұсынды. Жоғарғы Соттың судьялары да сайлау арқылы таңдалу керек. Ол үшін Президент үміткерлерді баламалы негізде Сенатқа ұсынуы керек. Аталған салаға мықты заңгерлерді тарту үшін материалдық жағдай жасау қажет. Судьялардың дербестігін арттыру үшін Жоғарғы сот кеңесінің мәртебесін нығайтқан дұрыс. Судья болуға үміткерлерді дайындау, біліктілігін көтеру жұмысы Кеңестің құзыретіне беріледі. Сондай-ақ, олардың шекті жасын ұзарту, өкілеттігін тоқтату мәселесімен де осы мекеме айналысады. Бұл мемлекеттік орган нақты кадрлық функциялары бар, толыққанды институтқа айналуы керек.

Құшті құрылымдар сотқа ықпал етпеуге тиіс. Бұл – өте маңызды. Судьяларға әкімшілік қысым көрсететін амал-тәсілдің бәрі жойылуы керек. Судьялардың қызметіне араласуды шектей отырып, олардың заң бұзғаны үшін жауапкершілігін арттырамыз. Судьяның өрескел қателік жіберген және күшін жойған әрбір сот актісін Қазылар алқасы тексеруге тиіс. «Сот төрелігін атқару сапасы» бойынша судьяларды бағалау және жауапкершілікке тарту институтын түбегейлі қайта қараған жөн.

Апелляция институтын реформалау қажет. Істер бірінші сатыдағы сотқа қайтарылмай, нақты мән-маңызы бойынша шешім шығарылуы керек. Әкімшілік әділеттің қолданылу аясын да кеңейту қажет. Әкімшілік құқық бұзушылықтардың ауқымды бөлігінің және мемлекеттік органдармен арадағы азаматтық-құқықтық даулардың Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекспен реттелуі отандық сот төрелігін барынша ізгілендіріп, әділдікке бастайды.

Сонымен бірге, аудандық және облыстық соттар деңгейіндегі сот төрелігінің қолжетімді болу мәселесін пысықтау керек. Бизнес өкілдері сот алымдарының тым жоғары болуы олардың өз мүддесін қорғауына айтарлықтай кедергі келтіреді деп есептейді. Бұл – орынды базына. Сондықтан қазіргідей талап-арызда көрсетілген сомдан алынатын пайыз мөлшерінің орнына мүлктік даулар бойынша ойға қонымды алым мөлшерін белгілеу қажет. Мемлекеттің сот процесіне қатысуын азайтқан жөн. Мемлекеттік органдар арасындағы сот дауларын да ретке келтіретін кез келді. Егер екі министрлік заң нормаларын әртүрлі түсінсе, ондай мәселені Үкімет түпкілікті шешуі тиіс. Дәл осындай тәсілді мемлекеттік органдардың мемлекеттік ұйымдармен арадағы дауларына да қатысты қолдану қажет.

Қаңтар оқиғасына қатысушыларға рақымшылық жасалмақ

Мемлекет басшысы құқық қорғау саласындағы өзекті мәселелерді көтергенде қаңтар оқиғасына айрықша тоқтады. Иә, бұл сәтті тәртіп сақшылары үшін нағыз сынақ болғаны белгілі. Президент бейбіт шеруді мемлекетке қарсы бүлікке арандатқандардың көбі шартты немесе жеңіл жазамен құтылып кеткенін, шын мәнінде, кінәсі әлдеқайда ауыр екенін мәлімдеді. Өйткені, жағдайды қасақана ушықтырды. Соның салдарынан іс насырға шауып, қайғылы оқиғалар болды. Президент өзіне өтінші жолдағаны құқық қорғаушылар, адвокаттар қауымдастығының өкілдерінің тілегіне орай елді жаппай тәртіпсіздікке үндеген адамдарды қатаң жазалау керектігін айтты. Сондықтан өкілетті органдарға осы мәселені қарастырып, нақты шара қабылдауды тапсырды. Ел ішіне ірікті салған және заң бұзуға шақырған адамдар қатаң жазадан құтылып кетпеуі керек.

Ереуілге қатысқандар да, күштік құрылым қызметкерлері де – өз азаматтарымыз. Олар сот әділ өтеді деп қана емес, қоғам кешірімді болады деп үміттеніп отыр. Мемлекет қаңтар оқиғасына қатысқан, бірақ ауыр қылмыс жасамаған азаматтардың жазасын жеңілдетті.

Заң бұзғандардың бірқатары кінәсін түсініп, өткен іске өкініп отырғанын ескере отырып, оларға кешіріммен қараған дұрыс. Осыны айтқан Мемлекет басшысы өзінің қаңтар оқиғасына қатысушыларға бір реттік рақымшылық жариялау туралы шешім қабылдағанын жария етті. Рақымшылық жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастыруға қатысы бар адамдарға, сондай-ақ, мемлекетке опасыздық жасағаны және билікті күшпен басып алуға әрекеттенгені үшін айыпталғандарға қолданылмайды.

Осы ретте Мемлекет басшысы отбасылық зорлық-зомбылықты қылмыс санатына жатқызу мәселесіне қатысты ұстанымын білдірді. Оның айтуынша, отбасылық зорлық-зомбылыққа көз жұма қарауға болмайды. Отбасында ойран салатындар жазаға тартылмаса, олар одан бетер басынып кетеді. Ал жапа шеккендер мүлдем қорғаусыз қалады. Сондықтан мұндай әрекеттер үшін жазаны күшейтетін кез келді. Сонымен қатар, нашақорлықпен және есірткі саудасымен күресудің кешенді жоспарын әзірлеу, интернет және телефон арқылы жасалатын алаяқтық әрекеттерге айрықша назар аудару керектігі айтылды.

Президент мерзімінен бұрын сайланады

Токетерін айтқанда Мемлекет басшысы мемлекетімізді және қоғамның барлық саласын жаңғыртудың жолдарын ұсынды. Саяси реформалардың «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласымен жүзеге асырылып жатқанын айтты. Алда да реформалардың мазмұны жан-жақты толығы бермек. Қазіргі геосаяси жағдайда мемлекеттілігімізді біртіндеп нығайтып, реформалардың қазіргі қарқынын сақтау, саяси мәселелердің бәрін кейінге қалдырмай шешу аса маңызды. Осыны айтқан Президент жаңа стратегияға сәйкес басты мемлекеттік институттарды кешенді түрде қайта жаңғыртуға кірісу қажеттігін мәлімдеді. Оның айтуынша, бұл қадам бізге әр азаматымыздың әл-ауқатын арттыру және бүкіл елімізді өркендету жолындағы ортақ жұмысты жандандыруға мүмкіндік береді. Осылайша бұл жолдауда биылғы күзде кезектен тыс Президент сайлауы өтетіні белгілі болды. Президент бұл шешімді әділетті Қазақстанды құру жолында түбегейлі және жан-жақты реформаларды табысты жүзеге асыру үшін халықтың жаңа сенім мандаты қажеттігімен түсіндірді.

«Мен үшін мемлекет мүддесі бәрінен биік. Сондықтан мен өкілеттік мерзімімді қысқартуға және кезектен тыс Президент сайлауына баруға дайынмын. Сондай-ақ, мен көп ойланып, Президент өкілеттігі мерзімдерінің санын және ұзақтығын қайта қарау қажет деген байламға келдім. Президент мандатын ұзартуға 7 жылдық бір мерзімнен шектеуді ұсынамын. Бірақ қайта сайлануға тыйым салынады. Бұл бастаманың негізі қандай? Бір жағынан, 7 жыл – кез келген ауқымды бағдарламаны жүзеге асыру үшін жеткілікті кезең. Екінші жағынан, Президент мандатын бір мерзімнен шектеу Мемлекет басшысының жалпыұлттық дамудың стратегиялық міндеттерін шешуге барынша жұмылынып қамтамасыз етеді» деді. Оның айтуынша, бұл шешім конституциялық жаңалық билікті монополизациялау қаупін айтарлықтай азайтады.

Саяси тұрақтылықты нығайтып, қоғамдық құрылыстың қазақстандық үлгісін орнықтырады. Президентті бір мерзімге ғана сайлау нормасы сайлаудан кейін Парламенттің қарауына ұсынылмақ. Парламент он шешім қабылдаса, Отанымызда жаңа саяси дәуір басталады. Елімізді саяси жаңғырту үдерісінде парламентаризмді дамыту ісі айрықша орын алады. Жаңарған Ата Заңымыз әділ әрі ашық ережелері бар саяси жүйенің мүлде жаңа стандарттарын енгізеді. Саяси партияларды тіркеу рәсімі айтарлықтай жеңілдетілді. Екі тәсіл бойынша сайланған биліктің өкілді органдарының кезектен тыс сайлау науқаны арқылы жаңаруы заңдылық. Сондықтан Мәжілістің және барлық деңгейдегі мәслихаттардың сайлауы келесі жылдың бірінші жартысында өткізілмек. Бұл қадам мәслихаттар мен Парламент жұмысының тиімділігін арттырады сөзсіз. Болашақта Үкімет құрамына сайлаушылардың басым көпшілігінің дауысын алған саяси күштер ғана емес, Парламенттегі басқа да партиялардың өкілдері кіруі мүмкін. Мұндай тәсіл атқарушы билікке бүкіл қоғамның талап-тілегін ескеретін тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Сонымен, биыл Президент сайлауы, келесі жылы Мәжіліс және мәслихат депутаттарының сайлауы өтеді. Содан кейін Үкімет құрамы жасақталады. Соның нәтижесінде 2023 жылдың ортасында Президент, Парламент, Үкімет сияқты негізгі саяси институттардың бәрі қайта жаңғырып, жаңарады. Жаңа сайлау науқанының мерзімдерін және оның ретін елге ашық жариялау шешім қабылдау кезіндегі ашықтық қағидатына сай келеді. Осы қадамның бәрі біздің «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» атты басты формуламызды біртіндеп нақты мән-мазмұнмен байыта түседі. Біздің бүгінгі бастамаларымыз Қазақстанның болашағын айқындайды.

Лайым осы ниет, сенім ақталғай!

КЕЛБЕТ

Өміртай ҚАЛЫҚҰЛОВ 1938 жылы 31 желтоқсанда Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданы, Рысқұл ауылында дүниеге келген. 2002 жылы зейнетке шыққанға дейін Түркістан қалалық халық сотының судьясы, Келес аудандық сотының төрағасы, Сарыағаш ауданы №2 сотының төрағасы қызметін атқарған білікті де білімді азамат.

**ӨМІРІ –
ӨНЕГЕ**



Өлі есімде, ең алғаш сот саласындағы еңбек жолымды 1999 жылы Келес аудандық сотынан бастаған болатыным. Сол кездері сот төрағасы Өміртай Қалықұлұлы қызметте отырғанда, соттың ғимаратында шыбынның ызыңнан басқа дыбыс естілмейтін. Тәртіптің қаталдығы ма, әлде қызметке деген әріптестеріміздің сыйластығы болар немесе жауапкершілік деп айтатын ба, таңертең төраға келгенше барлығымыз түгел жұмыс орнында отыратынбыз. Әскерлер секілді. Жұмыс соңында төраға шықпай ешқайсымыз жұмыстан қайтпайтынбыз. Төрағаның кабинеті дәліздің соңында орналасқандықтан ағамыз таңертең дәлізбен жүріп бара жатып, біздің жұмыс орнымызда отырған отырғанымызды көз қиығымен бақылап өтетін. Жұмыстан кейін де дәл осылай жасайтын.

рек, сонда шешім әділ болады» деп жиі айтатын. Шын мәнінде, екі тараптың сот шешімімен келісуі әділдіктің нық белгісі екені анық.

Өміртай Қалықұлұлы туралы сол кездегі Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының төрағасы Марат Нұрбеков ағамыздың «Заң газетіне» жариялаған мақаласын оқып отырып, әділдікті ту еткен, халықпен етене араласып жақын болған нағыз азамат екеніне тағы да көзім жетті. Мақалада ағамыздың соңғы үш жылда шығарған сот актісінің бірде бірі бұзылып, не өзгермегені баяндалған.

Бұл кісі туралы әкем марқұм Сматулла Қосмұратұлы: «Жиырма жылдан астам Келес аудандық сотын басқарса да, орталықтағы екі отбасыға арналған үйдің бір бөлігінде тұрды. Сот төрағасының қарапайымдылығы сонша, зәулім үй салып ерекшеленбей, халықпен бірге, халықтың мұң-мұқтажын тыңдап, орындап отырған нағыз төраға бола білді» деп, сүйіспеншілікпен айтатын.

Шығыстың ғұлама ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби «Дұрыс әрекет – мақсатқа жеткізер жолды дұрыс тандаудан басталады» деп айтқан екен. Расында өмірі өнегеге толы ағамыз өз жолын дұрыс тандай білген. «Әке көрген ок жонар» демекші, ағамыздың ұлы Алтай Өміртайұлы бүгінде Ордабасы аудандық сотын абыроймен басқарып келеді. Тағы бір айтатын естелік: Жұмысқа қабылданып, іске кірісер алдында мені сынынан өткізу үшін аяқталған қылмыстық істі қолыма беріп, осы іске қарап аяқталмаған істің сот отырысының хаттамасын жаз деді. Ол

кезде хаттаманы қолмен жазатынбыз. Шын жүректен қалаған мамандығымның алғашқы сынынан сүрінбей өттім. Осылайша сот саласындағы өмір жолым басталып кетті. Содан бері қай істе де Өміртай ағамыздың өнеге болған жолымен жүруге тырысып келеміз.

Ағамыздың еңбегі елеусіз қалмады. Қажырлы қызметі үшін алған алғыс, марапаты баршылық. Соның ішінде «Тыңға 50 жыл», Қазақстан Республикасы «Конституциясына 10 жыл», Қазақстан Республикасы «Сот жүйесінің ардагері», «Тәуелсіздікке 25 жыл», «Астанаға 20 жыл» мерекелік медальдарының орны ерекше. Бұдан бөлек, Сарыағаш, Келес, Түлкібас аудандарының Құрметті азаматы.

Өміртай ағамыз сот саласында Кеңес дәуірі мен еліміз тәуелсіздік алған тұстағы қиын-қыстау кезеңде еңбек етті. Осындай сындарлы сәттерді бастан кешіріп, отандық сот саласының дамуына өлшеусіз үлес қосты. Қара қылды қақ жарған әділ шешімдерімен еселенген абыройға ие болды. «Қарты бар ел – қазыналы ел» деген сөз бар халқымызда. Қазіргі таңда Өміртай ағамыз еңбегі сіңген, үлгі болар өнегелі қазыналы ардагерлердің бірі! Осынау жылдар ішінде өмірдің талай белестерінен табысты өтіп, бүгінде өркен жайған алып бәйтеректей үлкен бәйтеректің ақылшы тірегі, арқа сүйері болып отырған ағамыздың өмірі көпке өнеге.

Абдуали ҚОСМҰРАТОВ,
Түркістан қаласының
мамандандырылған
тергеу сотының судьясы

БАҒДАР

**ЗАҢЫ ҮСТЕМ ЕЛДІҢ
ЗАМАНЫ ТЫНЫШ**

Ата Заңымыздың қабылданғанына биыл 27 жыл. Осы аралықта Конституцияға бірнеше рет өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Бүгінде тәуелсіздіктің төлқұжаты саналатын Ата Заң халық пен мемлекет арасындағы коммуникативтік күшке айналды. Биыл 8 маусымда ҚР Конституциясының үштен бір бөлігіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Халықтың талабымен заман ағымына сай енгізілген бірқатар толықтыруларға тоқталсақ.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жанару мен жаңғыру жолы» атты жолдауында «Ата Заңымыз – еліміздің бүкіл құқықтық жүйесінің тірегі. Алайда, белгілі бір заң актісі немесе шешім оған сай келе ме деген сұраққа нақты жауап беру қиындық тудыратын кездер болады. Қазақстандағы түрлі құқық нормаларын Конституциялық кеңес түсіндіреді. Бірақ, азаматтар осындай түсініктеме алу үшін бұл органға тікелей жүгіне алмайды. Көптеген мемлекетте Конституциялық сот институты бар. Сарапшылар Ата Заң ережелерінің мүлтіксіз сақталуын осы мекеме тиімді қамтамасыз етеді деп санайды. Бұдан басқа, елімізде 2020 жылы өлім жазасына тыйым салуды көздейтін Азаматтық және саяси құқықтар туралы екінші факультативтік хаттамаға қосылды. Сондықтан өлім жазасына тыйым салу туралы шешімді біржола бекіту үшін Конституцияға тиісті өзгеріс енгізу қажет» деген болатын.

Референдум – демократияның маңызды институты. Мұндай шара арқылы маңызды мәселелер халық пікірімен санаса отырып шешіледі. Сөйтіп, 2022 жылғы 5 маусымда Республикалық референдум өтті. Оның нәтижесінде Конституцияға 35 бөлімнен тұратын толықтыру енгізілді. Негізгі заңға енгізілген өзгерістердің мазмұнына қысқаша түсінік беріп кетейік.

Конституцияның 6-бабының 3-бөлігінде Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болған еді. Ал, қазір осы табиғи ресурстар халыққа тиесілі болды. Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Заңда белгіленген негізде жер жеке меншікте де болуы мүмкін.

Тағы бір өзгеріс, еліміз өлім жазасынан түпкілікті бас тартты. Мәселен, бұрынғы редакциядағы 15-бап бойынша террористік қылмыс жасағаны үшін, сондай-ақ, соғыс уақытында ерекше ауыр қылмыстар жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде өлім жазасы белгіленген. Бірақ, ондай жазаға кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш етуге хақы бар еді. Ал, жана редакцияда ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасына тыйым салынады.

Конституцияның Конституциялық кеңес деген бөлігі Конституциялық сот деп өзгертілді. Конституциялық сот азаматтардың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін олардың

өтініштері бойынша қарайды. Азаматтардың Конституциялық сотқа жүгіну тәртібі мен шарттары айқындалды. Одан бөлек, Конституциялық сот Конституцияда бекітілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің Республика Конституциясына сәйкестігін Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өтініші бойынша қарай алады. Демек, Жаңа Қазақстанның азаматтарына Конституциялық сотқа өз бетінше жүгіну құқығы берілді.

Ата Заңның VII бөлімі Соттар және сот төрелігі деп аталатын, ал қазір Прокуратура. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл деп толықтырылды. Осы бөлімдегі 78-бапқа сай Соттардың Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға хақысы жоқ. Егер сот қолданылуға тиісті заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп таныса, іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актінің конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Конституциялық сотқа жүгінуге міндетті.

Бұдан басқа, Конституция 83-1-баппен толықтырылды. Бұл бап адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметіне байланысты. Еліміздегі Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адам мен азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдеседі. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз болады және мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға есеп бермейді. Уәкілдің құқықтық жағдайы және қызметін ұйымдастыру конституциялық заңмен белгіленеді. Жоғарыда аталып өткен Конституциялық сотқа Адам құқығы жөніндегі уәкіл және Бас прокурор жүгіне алады. Бұл – бастамалар әділ әрі құқықтық мемлекет құру жолындағы маңызды қадам.

Тұрақтылығы мен тыныштығының қаймағы бұзылмаған елдердің қатарында Қазақстанның да болуы жиырма жеті жылдық тарихы бар Ата Заңның арқасы. Заңы үстем елдің заманы қашан да тыныш болмақ. Сондықтан Ата Заңымызға құрметпен қарап, тәуелсіздігімізді, ырыс-ынтымағымыз бен береке-бірлігімізді бағалай білейік!

Гулжиһан САГИТОВА,
Қазталов аудандық сотының судьясы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

САРАП

**МҰҚТАЖ ЖАНДАРДЫҢ
БАСПАНА АЛУҒА ҚҰҚЫҒЫ БАР**

Ел Конституциясының 13-бабы 2-тармағына сәйкес әркімнің өз құқығы мен бостандығын сот арқылы қорғауға құқығы бар. Конституцияның 25-бабының 2-тармағында Қазақстан Республикасында азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасалатыны, заңда көрсетілген санаттағы мұқтаж азаматтарға тұрғын үй заңмен белгіленген нормаларға сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорларынан олардың шама-шарқы көтеретін ақыға берілетіні белгіленген.

Қоғамымыздағы әр адам өзінің тұрғын үйі болуы үшін әрекет жасайды. Әкімшілік орган мен азаматтар арасында туындайтын тұрғын үй даулары әлеуметтік дұрыс шешімді қабылдау тұрғысынан өзекті болып келеді. Осы санат бойынша талапкерлердің көбі халықтың әлеуметтік осал тобына жатады. Олар жылдар бойы тұрғын үй алу мәселесін шеше алмайды және өз құқықтарын қорғай алмайды.

Осы санаттағы істер бойынша жария-құқықтық дауларда билік органдарының шешімдері мен іс-әрекеттеріне шағым жасау кезінде азаматтар көбінесе тең емес жағдайда болады және олардың мүмкіндіктері мемлекеттік аппараттың ресурстарымен салыстыруға келмейтіндігі айқын көрінеді.

Азаматтардың мүмкіндіктерін мемлекеттік аппараттың ресурстарымен салыстыруға болмайды. Осындай теңсіздікті болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының Әкімшілік

рәсімдік-процестік кодексі (бұдан әрі – ӘРПК) қабылданып, 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді. Жаңа кодекс өз мақсатына қол жеткізіп отыр деп нық сеніммен айтуға болады. Оған дәлел ретінде сот тәжірибесінен мысал келтіріп өтейік.

Нұр-Сұлтан қаласында мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының 2021 жылғы 30 қарашадағы шешімімен азамат У-дың талап арызды қанағаттандырылған. Кейіннен Нұр-Сұлтан қалалық соты әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 3 ақпандағы қаулысымен бұл шешім өзгеріссіз қалдырылды. Сот барысында Тұрғын үй инспекциясының 2020 жылғы 24 қарашадағы бұйрығымен У-дың тұрғын үй алуға мұқтаждар тізіміннен алынып тасталуы заңсыз деп танылды. Сот жауапкерге талапкерді 2012 жылғы 19 қазаннан бастап «1 және 2 топтағы мүгедектер» санаты бойынша тұрғын үй алуға мұқтаждар есебіне қайта



қоюды міндеттеген. Сот барысында У-дың 2012 жылғы 19 қазаннан бастап «1 және 2 топтағы мүгедектер» санаты бойынша тұрғын үй алуға мұқтаждар есебіне тұрғаны анықталды. Тұрғын үй басқармасының 2020 жылғы 24 қарашадағы бұйрығымен талапкер есептен шығарылған. Негізгі ретінде – Ақмола облысында орналасқан пәтерде ерлі-зайыптылардың ортақ бірлескен меншік құқығында ¼ үлес мөлшерінде тіркелген жылжымайтын мүліктің болуы көрсетілген.

Сот дауды мәні бойынша шешіп, даулы бұйрықты заңсыз деп танып

отыр. Бұған Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңының 73-бабының ережелері, ӘРПК-нің 10 және 13-баптарының ережелері негіз болып табылады. Сондай-ақ, У-дың екінші топтағы мүгедек екенін және халықтың әлеуметтік осал тобына жататынын назарға алған. Осылайша талапкерді аталған тізімнен алып тастау үшін негіздер болмаған деген қорытындыға келген.

Сотқа ұсынылған жекешелендіру туралы шарттан талапкердің жалпы ауданы 43,37 ш.м. екі бөлмелі пәтерде ¼ үлесі бар екендігі, пәтерді отбасы құра-

мымен Р. деген туысы алғаны расталды. Сотта аталған пәтердің тұруға жарамсыз екені анықталған.

У. 2-топтағы мүгедек болып табылады, есепке қою кезінде осы елді мекенде меншігінде тұрғын үйі болмаған, сондай-ақ қазіргі уақытта жоқ, сондықтан ол аталған қордан тұрғын үй алуға мұқтаж. Тұруға жарамсыз пәтерде ¼ үлесінің болуы талап қоюшыны есептен шығару үшін негіз болып табылмайды, өйткені ол пәтерде талап қоюшының ¼ үлесі 10,8 ш.м, яғни 15 ш.м. кем бөлікті құрайды.

Демек, дауланған бұйрық сенім құқығын қорғау мен мөлшерлестік қағидаттарын бұза отырып шығарылған. Осылайша сот талап қоюшының Ата Заңымызда және арнайы заңда көрсетілген құқығы тиісті дәрежеде қорғалды. Жаңа кодексте сот төрелігін жүзеге асыруда басқа көзқарасты қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа және айтарлықтай ерекшеленетін принциптер бар. Мұндай айырмашылықтардың тиімділігі бүгінде айқын басымдыққа ие болып отыр.

Қазіргі уақытта талап қоюшылардың берген арызының жартысынан көбі қанағаттандырылуда, яғни шешімдерді соттар мемлекеттік органдарға қарсы шығаруда. Бұл азаматтардың әкімшілік соттарға көбірек сенім артуына ықпал етуде. Қорыта айтқанда, жаңа кодекс бірінші кезекте әкімшілік органдар мен лауазымды адамдардың заң талаптарын қатаң түрде сақтауына көмектесіп отыр.

Б.ДАУТОВ,
Нұр-Сұлтан қалалық
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының судьясы

(Соңы. Басы 1-бетте)

ҚҰБЫЛЫС

Балталасаң да өткенің мен бүгінді ажырата алмайсың, айтар ойыңды өзара сабақтас, тамырлас кезеңдермен байланыстыра өрбітпесең, көздеген межелі деңгейге қол жеткізу мүмкін болмас. Тәуелсіздікке қол жеткізуіміздің өзі, әрине, ұлы жеңіс. Бірақ, сол тәуелсіздіктің ұрпаққа артар зілбатпан салмағын әрқайсысымыз сезіне алдық па? Тәуелсіздікке қол жеткізу аз, оны ұстап тұра алатын күш-қудірет, тегеурінді мемлекеттік саясат керек. Оны ұсымыздан сусытып шығарып алуымыз да мүмкін екендігін еліміздің өзгеше ойлы тұлғалары жақсы түсінді. Сол санаулы зиялыларын бірегейі Салық Зиманұлы Зиманов болатын.

Кейде мыңдардың көтерер жүгін бір өзі көтеріп кететін, ғасырлар салмағын иығына арта алатын бірегей біртуарлар өмірге келеді. Олардың біртуарлығын халық жаппай мойындайды. Бұл – сирек құбылыс. Осындай құбылыстар халықтың бағына туады. Сирек құбылыстай танылған тұлғаларымыздың бірі академик С.Зиманов екендігін замандастары, әсіресе, өзімен қатар еңбек еткен әріптестері жақсы біліп бағалады. Сондықтан да оның үнемі жанынан табылып, қолдау білдіріп отырды. Оның, ең алдымен, өзгеше озық қабілетін көре білген, даралығын танып, қолдау көрсеткен ұстаз ағасы Қаныш Сәтбаев болғанын ерекше атап өтуіміз керек. Сондай-ақ, Салық Зиманұлының биік қасиеттерін бағалап, оны қолдап, үнемі жанынан табыла білген, өз замандастары, ғылым мен білім сапарында иық тесеңдерің қатар жүрген, елімізде әртүрлі ғылым саласының тізгінін ұстаған, ірі мемлекет және қоғам қайраткерлері М.Қозыбаев, К.Сағадиев, С.Сартаев, Т.Шарманов, З.Қабдолов сияқты қайталанбас тұлғалар болатын. Халқының осындай кеменгер перзенттерінің өмірге бір толқындай қатар келіп, күш біріктіріп, қатарласа еңбек етуінің өзі ел тарихындағы ғажайып құбылыс болатын. Олар бұл тұрғыдан, жиырмасыншы ғасыр басында қатарласа еңбек еткен, ұлттың болашағы үшін жанқиярлықпен күрескен Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мағжан, Жүсіпбек сияқты алаш ардақтыларына ұқсайтын еді, солар сияқты біртұтас, бірегей зиялы қауымға айналып, бірігіп, үлкен жетекшілік күш-қуатқа ие болды. Әрине, әкімшіке орай, тағдыр жолы басқаша шешілгені – өздерінің ғана емес, халқының қасіретіне айналуы, олардың ұлты үшін қаншалықты қадірлі болғандығына дәлел.

Жас мемлекетіміздің қаз тұрпы, төрт аяғын тең басып кетуі үшін алдымыздан үлкен міндеттерді орындау жауапкершілігі туғандығын Салық Зиманұлындай ерекше жаратылысты асыл тұлғаларымыз жеріне жете түсінді. Түсініп қана қойған жоқ, білетің сыбанып, іске кірісті, алға қойған мақсатының үдесінен шығып, үлкен жетістіктерге ие болды. Осындай ұлы тұлғаларымыздың арқасында зор әлеуметтік істер атқарылды, ең бастысы – ұлт мүддесі алдыңғы орынға шықты. Алаш аманатын мойнына жүктеп алғандай қажырлы қайратпен, елінің болашағына бар күш-жігерін, ақыл-парасаты мен білімін жұмсаған, аянбай тер төккен азаматтар, әрине, аз болған жоқ, бірақ, солардың ішінен С.Зимановтай ардақтыларымыздың еңбегін айшықтап, даралап атасақ жарасар. Олардың бас болып жетекшілік жасауымен, ел тәуелсіздігінің тұғырын бекіте түсу үшін қаншама жұмыс атқарылды екен, мұны мөлшерлеу дәл қазір қиынға соғар. Бір ғана айтарымыз, ұланғайыр істер тындырылды, солардың арқасында дүние жүзі «Қазақстан» деген елді таныды, мойындады.

Алайда, әр алған белесіміздің, бағындырған асуымыздың қадір-қасиеті, тарихымыздан алатын қадірменді орны бар екенін қалайша есіміден шығарып алармыз? Ал осы жеңіс біз үшін оңайлыққа түсіп пе еді? Айтуға ғана жеңіл шығар, бұл қаншама қажырлы күрес пен төгілген ашы тердің нәтижесі екендігіне терендеп, бойлай аламыз ба, қадіріне жетеміз бе?

«Ата Заң» деп ауызға алмақ түгілі, ата-бабамыздың атын атаудан, олардың заманын еске алатын қорқатын уақыттардың қалайша тез ұмыта қалдық? Атамыздың дәуірін «өскіштілік» деп, «керітартпашылық» деп, қасиетті хандарымыздың «қанішер», «қаракшы» деп қаралап, аузы дуалы, дана билерімізді ескілікті көксіп, дәріптеуші, сарнаған дуана-бақсыларға теңедік, қара күйені баттастыра жағып, әке мен баланы жау қылған заманды мақтан тұтып, әкесін жауға ұстап берген Павлик Морозовтарды дәріптедік. Тіпті, болмағанды болдырып, қисындастырып, кеменгер Абайымызды әкесімен жағаластырып, аталарына қарсы қойғанымыз, «қараңғылық пен надандылық» толы ата-баба салт-дәстүріне қарсы күрескер етіп көрсетуге тырысып отырған күні кеше ғана емес пе еді? Ақын-жазушыларымыз жүрегінің сөзін, халқының арман-тілегін жаза алған жоқ, еріксіз саясат сойылын соқты, олар идеологияның тақ құрсауынан босай алмай, амалсыздан большевиктер партиясының жеңісін жырлады, мүддесін қорғап, жасанды, жалтақ, жағымпаз шығармалар тудыруға мәжбүр болды.

Иә, кеңестік идеология болмағанды болдырды, қисынсызды қиыстырды. Жалған ұраншылық дәуірі естен адаластырылған, жолдан жаңылдырғаны рас. Бірақ, уақыт бәрін өз орнына қойды, тарих дөңгелегі шар айнала келіп, әділетті түзу жолға қайта түсті. Ұзағынан сүйіндірсін

дейік, ата-бабаларымыз кешкен өнегелі жолдар, олардың ел бірлігі мен тұтастығы, халқымыздың азаттығы үшін, туған өлкемізді жасынып келген жаудан қорғау жолындағы жанталас күресі, қасиетті заңымызды тұрақтандыру жолындағы мұрат-мүддеміздің асқақтығы, жалпы халқымыздың басынан кешкен санғасырлық тағылымды тарихи белестері – осынау биік ұғым жұртымыздың тұрақты тіл тіркесі ретінде халықтық төл лексиконымызға енгізуге әбден лайықты еді. Бұлай деп ала-бөле мән беруіміз де түсінікті шығар, империялық отарлау саясатының дүмпуімен, кеңестік идеологиялық тоқтақпаны астында желдей ескен еркін күнімізді еске түсіретін, қазақтың басы азат шағын бейнелейтін көптеген сөздеріміздің, тұрақты тіркестеріміздің айтылмай, қолданыстан шығып келгендігі жасырын емес. Тіпті, «азаттық», «бостандық», «теңдік» деген ұғымдардың өзі тек кеңестік, коммунистік, революциялық большевизмнің жеңісімен байланыстырылып қолданылып келді. Қадір-қасиет атаулының бәрін жалған коммунизм болашағына арнап, большевиктік жылтыр сөзді, жарқ-жүрк ұраншылыққа айналдырған заманның қызыл жалқын елесі көз алдымызда.

АЛАШ МҮДДЕСІНЕ
АДАЛДЫҚ

Салыстырып көріңіз, большевиктік жалған азаттық ұранынан алаштың азаттығы, қазақтың еркіндігі әлдеқайда

құрамдас бөлігіне жатқызып келе жатқан пиғылдардың бары естен шығаруға болмас. Мұны империялық мүдде көздеген Хрушев, Горбачев сияқты астамшыл билеушілер өздерінің доғал іс-әрекеттерімен дәлелдеген болатын.

ХАЛЫҚ
АЛДЫҢДАҒЫ
ПАРЫЗ

Осының барлығы тәуелсіз жас мемлекет үшін түрлі кедергілер тудырмай қоймаса да, С.Зиманов бастаған топ ең алдымен мемлекет тұғырын нығайтып алуға бел шешіп кірісті. Яғни, еліміздің Ата Заңын жазып, құрастырып шығуды қолға алды. Олар бұл мақсатына сатылап, жүйелі түрде, кезек-кезеңімен жетіп отырды. Әрине, мұның мәнін толық түсіну үшін бас редактордың, еңбек авторының өзіне жүгінген дұрыс. Салық Зиманұлы бұл күрделі еңбекті бас болып қолға алғаны туралы бірінші томның бірінші басылымындағы алғы сөзінде былайша түсіндіреді: «Ұсынылып отырған еңбекті дайындау және шығару біз



басылымдар тарих көшінде қалып қоймай, қазіргі күнге дейін ел есінде сақталып қалуында, екінші жағынан, сол ғасырлар бойы көшпелі құқық қоғамның негізгі өмірін өзегін құраған қазақ құқығының «көне болмысы» тануға қазіргі кездегі зерттеушілердің ерекше ынта білдірулері болып отыр.» /7 б./ Галымының осындай байыптамаларына зерделей үніліп отырсақ, «Қазақтың ата заңдарын» жазып шығудың онай болмағандығын, қаншалықты күш-жігер жұмсалғандығын шамалап, болжауға болады деп ойлаймыз.

АЛТЫН ҒАСЫР

Біз, әрине, бір ғана мақаланың ішінде осыншалық ауқымды еңбектің мән-маңызын толық ашып бере алмаспыз. Дегенмен де, жинақ авторларының, әсіресе, Салық Зиманұлының басты жетістігі ретінде, қазақтың заңнамасы қалыптасқан дәуірлерді бір ауыз сөзбен, «Алтын ғасыр» деп атап, соны дәлелдеп, таныта алғандығы деп тұжырымдаймыз. Неғұрлым ұғынықты болу үшін тағы да жинақтың бас авторына жүгінеміз: «...Бес-алты жыл мұқият ізденіс пен ойлауыстан кейін, шын мәнінде бұндай тұжырымға

АТА ЗАҢДЫ ЖАҢҒЫРТҚАН
ҒҰЛАМА

шынайы, әрі әділетті, әрі асқақ болып естілмей ме? Сойқан, дүлей саясат осы қасиетті ұғымдарды алаштың марғасқа ұландарының аузынан қағып алып, есірік ұранға басты, құнын түсірді, өңін айналдырып жіберді. Солай бола тұрса да, алаш арыстарының сағы сынған жоқ, империя алдында тізелерін бүкпей, бастарын тік ұстаған қалпы өмірден нағыз қас ерлерше илікпей өтті. Олар ата-бабаларымыздың гибратты жолдарын қастер тұтты. Бастарына қауіп екенін біле тұра, алаш мүддесінен бас тартпай, адалдықпен көздерін жұмды. Жетпіс жыл тайрандаған үкімет, халық қолдауына ие болмаған зорлықшыл, астамшыл үкімет күндердің күні болғанда мойны қайрылып, астына түсті, аяғы көктен келді... Қасіреті басы болса да әділет үшін, ұрпаққа сабақ болуы үшін, ақ пен қарасын айырып, нақты бағасын беру – абзал борышымыз.

«Жаман айтпай, жақсы жоқ» демекші, халқымыз үшін салмағы ауыр, аспанымызды қара бұлт басқан зауалды кезеңдер десек те, бұл өткен бел-белестерімізде әке-шешелеріміздің, ата-әжелеріміздің басынан өткерген санқилы ауыр тағдыры жатыр. Сондықтан да ел басынан кешкен тарихқа құрметпен қарауға тиіспіз. Және бұл алаш арыстарының, сол заманда империямен жағаласа жүріп, ел болашағына қызмет еткен қайраткер тұлғаларымыздың, ата-бабаларымыздың саясат қисымына қарамастан ұрпағы үшін төккен тері мен сүйірген еңбегінің қадір-қасиетін тани түсу үшін де маңызды екендігі сөзсіз.

Міне, біз С.Зимановтай ардақты тұлғаларымыздың, онымен қолтықтаса жүріп еңбек еткен академиктер К.Сағадиев, С.Сартаев, Н.Шәйкенов, О.Сәбденов сияқты заңгер ғалымдарымыздың, көрнекті қайраткерлеріміздің, тарихшы академик М.Қозыбаевтардың т.б. еңселі тұлғаларымыздың еңбектеріне де осы өреден баға беруге тиіспіз. Әсіресе, мемлекеттің тұғыры саналатын ел заңын жүйелеп, қалыптастыруға С.Зиманов жетекшілік еткен ғалымдар тобының қосқан үлесі ұшан-теңіз.

Ештеңе де аспаннан дайын күйінде түсе қалған жоқ. «Қазақтың ата заңдары» еңбегі қалай өмірге келді? Жинақты шығарушылар қандай қиындық көрді? деген сұрақ әркімді толғандыруға тиіс. Өйткені, Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен, оның салмағын көтере білу керек. Ішімізде көп көрушілер болмай қалған жоқ, қасиетті туған өлкемізге сырттан көз тігушілер көп. Ресейдің империялық пиғылдан арылмаған кейбір агрессиялық күштерінің бұрынғы одақ ыдырай бастағанда, әсіресе, Қазақстанды ұсынып шығарып алғанына өкінішпен қарағаны жасырын емес. Біздің Абай тектес даналарымыз Ресей сияқты алып мемлекеттің екі түрлі мүддемен өмір сүретінін, бұл елде Пушкин, Лермонтов, Толстой мен Достоевский, Тоголь мен Белинскийлер ұстанған халықтық мүддемен қатар зенбірегіне, яғни, қаруына көбірек арқа сүйейтін мүддені де қатар жүретінін атап, халқына ескертіп кеткен болатын.

Заман, қоғам өзгергенмен, империялық пиғыл өзгермейтінін, қайта әр кезеңдер аралығында қозып, өршіп отыратынын тарих әлдеқашан дәлелдеген. Әсіресе, қазақ елі мұны басынан талай өткеріп келе жатқаны белгілі. Мұны ата-бабаларымыз «жау жоқ деме, жар астында» деп ескерткен. Сондықтан, қазақ елін бөліп, бөлшектеп алғысы келетін, оны өз мемлекетінің

үшін ғылыми зерттеу, ұйымдастырушылық материалдық-қаржылық тұрғыдан ауыр-тирпалық тудыратынын түсіндік. Соған қарамастан, біз мұндай игі қалам жасаяу жолында қандай ауыртыпалық болса да тәуекел етуге бел будық. Өйткені, бұл біздің халық алдындағы парызымыз. Оған ғылыми біліміміз, ақыл-парасатымыз демеу болды. Ең үлкен қиындық – қойылып отырған мәселенің жаналығы мен сонылығында. Ал қазақ әдет-ғұрпы құқығының өзіндік «көне болмысының» ішкі сыр-сипатына үнілумен бірге, оның о бастан адамның табиғи құқықтары мен еркіндігіне негізделген құндылығын ашу, оның тұлға бойының адами құндылықтарға тұнып тұрған өнеге екендігін көрсету еді. Мұнда біз, қазақ қоғамы тарихындағы шындықты ғана бейнелеуге ұмтылдық. Ғасырлар бойы шаң басқан тарихты қайта тірлетуі отырды, оны шындық сатысына көтеруді өзімізге міндет етіп алдық. Қазақтың орта ғасырлардағы құқықтық мәдениетінің сол дәуір шеңберінде жетіле өркендегенін қоспасыз жазудың өзі біз үшін бүгінге дейін қалыптасып келген отаршылдық, буржуазиялық және кеңестік тарихнамада дәстүрге айналған «Қазақстан мешешу қалған «жабайы», «патриархалды-феодалдық ел болды» деген көзқарастардың тұрлаусыздығын аңғартады.

Қазақ әдет-ғұрпы құқығының көптомдық басылымын дайындауға Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылды «Халық бірлігі және ұлттық тарих жлы» деп жариялауы ұйғты болды. 1998 жылы сәуірде Қазақстан Республикасының Әділет министрі Б.Мұхамеджановтың ұйғаруымен Алматы қаласында шақырылған заңгер-ғалымдар тобының жиналысында да «Древний мир права казахов», «Материалы, докумены, исследования» – «Қазақтың ата заңдары. Құжаттар, деректер, зерттеулер» атты көптомдық бағдарлама жобаны ұсынған едім. Бұл ұсыныс қагысушылардың және де министрдің тарапынан қолдау тапты. Жылдың аяғында алғашқы демеушілер де табылды. Кейін бұл іске өзім басқарып отырған университеттің қаражаттары да жұмылдырылды. Бағдарламаны жүзеге асыруға атакты заңгер-ғалымдар, филологтар мен тарихшылар тартылды. Қолжазба қорлары мен сирек кездесетін басылымдардан қажетті материалдарды жинау және зерттеу үшін Әдебиет және өнер институтында Ұлттық Ғылым академиясының Ғылыми кітапханасында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында, осы мекемелердің білікті қызметкерлерінен шығармашылық топтар құрылған болатын. Қазақ академиялық университетінде/мемлекеттік емес/ негізгі зерттеу тобы жасақталды. Оған заңгер ғалымдардан басқа, моңғол, қытай, түрік, және ортаазиялық және ұлттық әдебиеттер жөніндегі мамандар кірді. «Бағдарламаны» жүзеге асыруды өзім басқардым... Бұл көптомдық «көшпелі өркеніет» дәуіріндегі қазақтың құқықтық жүйесінің адамзат тарихында қайталанбас өзіндік бет-бейнесі бар, бүгінгі біздің санамыздағы халық білігі, сот әділдігі, құқық тәртібі туралы түсініктермен ғасырлық сабақтас, әуендес субелі мұра екендігін паш етеді.» /Академик Зиманов.С.3.2001ж.5-6 б./

ІСТІҢ АДАМЫ

Көріп отырғанымыздай, ғалым аса тәптіштемей, іс адамы ретінде салқынқан-

ды ғана атқарылған жұмыстардың барысын баяндап отыр. Ал мұның айтарға ғана жеңіл екенін, мұндай ауқымды, әрі күрделі істің қаншама күш-жігерге түскендігін іштей пайымдап отырасыз. Осындайда кейбіреулердің болмашы ісін дабыралап, дақпырттап жататын әдеттері еске түседі. Жалпы ұлылық, тектілік қалпы әркімнің сөз аңғарынан-ақ айқындалатын болуы керек. «Мен солай еттім» деген мақтанның мүлде иісі де байқалмайды. Солай бола тұра да көңіл төрімен аңғаратынымыз, оның Президенттің жоспарлы бағдарламаларын ел мүддесіне орайластырып, пайдалана білуі, сол кездегі Әділет министрі Б.Мұхамеджановты да ауқымды іске тарта білгендігі – оның аса көреген ғалым, тегеурінді қайраткер екендігін танытардай. Сол тұстарда, атқарылған ауқымды шаралардың бәрін Президентке танып, С.Зиманов сияқты ғалымдарымыздың қажырлы істері тасада, елеусіз қалып қоятыны да шындық еді. Тұңғыш Президенттің абыройын асқақтатамыз деп, осындай Ата Заңымызға жан бітіріп, қолымызға ұстатқан қайраткерлеріміздің ересен еңбектері көленкеде қалып қояы әділетке жатпайтынын еске салғымыз келеді. Жалпы әр атқарылған істі, халық үшін әркімнің сүйірген еңбегіне қарай, өз атымен атағанымыз әділдікке жақын болар еді. Ең бастысы, Салық Зиманұлына артық қолпаштың да, асыра мақтаудың да қажетсіз екендігін, даусыз тұлғалық даралығын мойындауымыз керек. Тек атқарған жасамап ұлы істерін нағыз өзіне тиесілі атымен атасақ, өз еңбегін өзіне қисақ та жеткілікті болмақ. Енді осы алғашқы басылымдардағы алғы сөзінде жазғандарын толықтыру ретінде, «Бірінші томның екінші басылымындағы алғы сөзінде» де келтіре кетсек, бұл ұлы еңбек жөнінде танымымыз кеңейе түсер еді: «Бұған дейін жарық көрген «Қазақтың ата заңдары» көптомдығының бірінші/2001 ж./ екінші/2003 ж./ томдары «Мәдени мұра» атты 2003 жылы қабылдаған және іске асырылуы 2004 жылдың басынан басталатын мемлекеттік бағдарламаның негізінде толықтырылып, қайта басылып отыр. Бірінші том шыққаннан кейінгі 4-5 жылдарды тарихи фольклорлық және тарихи құқықтық сипаттағы әдебиеттердің баспа бетінде бірінен соң бірінің шығып жатқан кезі десе де болғандай. Сонымен бірге, осы кезеңдерде жиырмасыншы ғасырға дейінгі қазақ қоғамындағы сот жүйесі, басқа да әдептілік-құқықтық құрылымдар мен нормаларға қатысты зерттеулер жүргізіліп, докторлық, кандидаттық диссертациялар қорғалды. Кезінде кеңес үкіметі тұсында мұндай жұмыстарға қатынас қойылған, ондай еңбектердің авторларын социализм қағидаларынан «алшақтап» кеткені үшін, «ескілікті көксеген», тіпті, «ұлтшыл» деп айыптауға дейін барып отырған. Сонда да, бұл тақырыптар бойынша шектеулер болса да зерттеулер жүргізіліп жатты. Аталған еңбектерде қанша әдет-ғұрпы құқығы өткеннің сарқыншағы, патриархалды-феодалдық қалыптасудың көрінісі деп бағалаған болса да, оның танымылық маңызын ешкім жоққа шығара алмайды. Әсіресе, бізді ерекше қызықтыратыны – ол аты аңызға айналған қазақтың билері туралы ертеректегі және кейінгі кезеңдердегі олардың өсиеті мен билік-шешімдері жолы. Көшпелі Ұлы Даланың тарихи-құқықтық мәдениетіне арналған әр кезегі зерттеушілер мен ұлт жанапшыларының жинаған және жариялаған материалдары болып табылады. Бұл басылымдар біз үшін екі қырымен маңызды болып отыр: бір жағынан, бұл

келдік. Бүгінгі көзқараспен қарағанда, артта қалғандай көрінетін орта ғасырлар бойы қазақ халқының санасына сіңіп-бекіп қалған әділ сот пен заңдылықтың «Алтын ғасыр» деңгейіне дейін көтерілуі, бір жағынан, жұмбақ секілді. Қазақ құқығының «көне болмысының» мәні мен сыры, оның тарихи құндылығы терең зерттеуді, оның өзіндік қалыптасу кезеңдері мен ерекшеліктеріне зер салып, көңіл бөлуді қажет етеді. Бұның негізгі себептерінің бастысы, қазақ елі мен мемлекетінің Орта Азияның аса кең шұрайлы даласын ғасырлар бойы мекендеуімен орта ғасырдағы үлкен жорық, өзара үлкен шайқас жолдарынан аулақ бөлек жатуында. Қолайлы табиғи аяда, ұзақ бейбітшілік дәуірде қалыптасқан көшпелі қазақ қоғамы сол замандағы этно-мәдениеттің өзіндік жоғары деңгейіне көтерілді...»

Осындай дәлелді тұжырымдарын келтіре отырып, «Алтын ғасыр» атауының түп-төркіні – халқымыздың ежелден қалыптасқан, тіпті, басты қаруына айналған қасиеттеріне байланысты екендігін жайып салады. Иә, ол қандай қасиеттеріміз екен, ғалымның дәйектемесіне үңілейік: «Орталық Азия кіндігінде қазақ жерінде екі құдіретті күштің – Сөз құдіреті мен Заң құдіретінің үстем болуына әкелді. Қазақ құқығы оның қасиеті мен деңгейі осы екі құдіреттің аясында дүниеге келді. Халық санасында Ұлы Дала ділі соты мен заңдылығына «Алтын ғасыр» деген өшпес із қалдырды. Халық санасында калыптасып, әбден бекіп қалған дәстүрлі еркіндіктің, азаттықтың, және көшпелі өмір салтының негізін қамтамасыз ете алатын әдет-ғұрпы ережелері мен жарлық- заңдар қазақ қоғамының көшпелі ел негізінде өркендеуіне әкелді. Қазақ құқығы ережелері – өзінің құрылымы мен қисындылығы жағынан мейлінше ұтымды, жинақы және көркем бейнеленген, есте сақтауға өте қолайлы. Сондай-ақ, менгерілуі табиғи қажеттілікке сай келетін нормалардан тұратын құқықтық жүйе. Ол киініліңіз сазазын тарттыратын қылмыстық жазалау, ұрып-соғу, жәбірлеу, адам теңдігін таптау сияқты қылмыстық құқықтан аулақ болатын азаматтық бағыттағы құқық жүйесі болатын. Заңдылықты сақтау, оны бекіту, ел билеу тұтқасы билер сотында болды, олар көшпенділер қоғамының құқықтық кеңістігінің төрінен орын алды. Дала заңы мен «от ауызды, орақ тілді шешендер» деген атаққа ие болды. Халық мұндай сот өнерінің майталмандарын «Қара қылды қак жарған тура би», «Ханда қырық кісінің ақылы болар болса, биде қырық кісінің ары мен білімі бар» деп дәріптеді.» /8 б./

Біз аса тағылымды, мазмұнды, әрі жан-жақты қамтылған ауқымды еңбектің барша құндылығын жеткізе алмаған, тек теңіздей тереңдіктің бетінен қалқығандай болған шығармыз, дегенмен, оқырман көңілін селт еткізедей әсер етсек, ғұламаның ұлы еңбегіне тағы да бір жұрт назарын аударсақ, қазыналы еңбектің қадіріне бойлағандай азы-көпті пайымдама жасай алсақ, көздеген межемізден алшақ кетпегендігіміз.

Салық Зиманов жетекшілік еткен, бас редакторы болған «Қазақтың ата заңдары» еңбегі – біздің баға жетпес байлығымыз, бұл еңбектерімен әлі талай ұрпақ сусындап, халқының қадір-қасиетіне қанығатын болады, біз үшін ең үлкен мерейлі жетістік осы болмақ.

Досжан ӘМІР,
ҚР Жоғарғы Сотының судьясы

ЖАЗАСЫН ӨТЕП ШЫҚҚАНДАРДЫ ӨЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ НЕГЕ ЖОҚ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Иә, қазақ даласында сонау 1720 жылға дейін бірде бір түрме болмапты деседі тарихи деректер. Қазақ топырағында алғаш түрмелер салына бастағанда елдің үрке қарап, маңына барынша жоламауға

тырысқанын көркем әдебиеттен де оқыдық. Не де болса қазақтың өз ыркы өзіндегі кең заман ба, әлде қылмыскерді соттап, жыл кескенге көшпенді тұрмыс келмеді ме, ол енді өткеннің әңгімесі. Қалай алсақ та, қазір әлемде қылмыскерді тұтқындап, бас бостандығынан айырудан асқан жаза жоқ. Бізде жалпы, бас бостан-

дығынан айырылғанды тәрбиелейтін қанша мекеме бар, олардың жұмыстары қалай жүреді, жаза басып қылмысқа барғандар жазасын өтеп шыққаннан кейін қалыпты қоғамға қайтадан қалай кірігіп жүр, олардың қайта қылмысқа бармауы үшін қандай шараларды қолға алған жөн?

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Айна ШОРМАНБАЕВА,
заңгер:

«Соттылықтың мәліметтер базасынан өшпеуі – үлкен кедергі»

– Жазасын өтеп шыққан азаматтарды мемлекеттік орындар мен бірқатар жерлерде жұмысқа алмайтыны белгілі. Жазасын өтеп шыққан ауыр қылмыс жасаған азамат пен жеңіл қылмысы үшін жазасын өтеген азаматқа да бірдей соттылығы бар деген анықтама беріледі. Бұл қалыпты өмірге оралғысы келетін адамға үлкен кедергі емес пе?

– Соттылық туралы анықтамалар ҚР Қылмыстық кодексінің 79-бабына сәйкес беріледі. Ауыр қылмыс жасаған адамның соттылығы 8 жылдан кейін жойылады, бірақ мәліметтер базасында қала береді, ауыр қылмыс жасаса да, жеңіл қылмыс жасаса да. Ол іс жүзінде көптеген адамдардың жұмысқа орналасу құқықтарын бұзады. Соттылығы бар адамдарға мысалы, балалармен жұмыс істеуге тыйым салынған. Сонымен қоса, күнделікті өмірде барлық жұмыс беруші бұрын сотты болғандарға күдікпен қарайды, бұл көп жағдайда оларды кемсітуге ұшыратады.

– Кейбір елдерде жазасын өтеп шыққан азаматтарға өз кәсібін ашу үшін төмен пайызбен несиелер, қайтарымсыз гранттар беріледі. Ал біздің елімізде осындай жобалар бар ма?

– Біздің елде түрмеден босап шыққандарды жергілікті әкімдіктерге жіберіп, жұмыспен қамтуды соларға жүктейді, бірақ іс жүзінде тағы жүзеге аспайды. Сондықтан, сотталғандарды әлеуметтік қолдау бағдарламалары жоқ деп айтуға болады.

– Елімізде бостандыққа шыққан адамдарға психологиялық көмек көрсетіп, кеңес беретін немесе қоғам тарапынан жәбір көрген жағдайда қорғап алатын сенім телефоны немесе тиісті мекемелер бар ма?

– Психологиялық көмек жағынан да үкіметтік емес ұйымдар көбірек жұмыс істеп, қолдау жобаларын жүзеге асырады, әсіресе, бұрын сотталған балаларға байланысты. Ал ересектерге көмек көрсететін ұйымдар тапшы. Қазақстанда бұрын сотталғандарды ортаға қайта бейімдеу жүйесін құру керек және оған қаржы бөлу керек. Өкінішке орай, ол жұмыс нәтижесіз болып қалуда.

– Жедел жауабыңызға көп рақмет. Ісіңіз сәтті болсын.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ:

Жасөспірімдер арасында да оқыстан жаза басып, темір торға тоғытылып жатқандары бар. Біреуге тағдыр, біреуге қылмыс. Алайда, олардың жас өмірінің өкінішті сабағын қайта түзеуге, қайта тұрып, қалыпты ортада бақытты ғұмыр кешуге толықтай қақысы бар. Осы ретте, жасөспірімдер қылмысының алдын алу, оларға ақ-қараны ажыратуға көмектесу тұрғысында қандай жұмыстар атқарылуда?

АБДУЛИН Нүркен Ардашерұлы, Жамбыл облысы полиция департаменті, жергілікті полиция қызметі басқармасы ювеналды полиция тобының инспекторы, полиция подполковнигі:

«АТА-АНА БАЛА БОЛАШАҒЫНА ЖАУАПТЫ»

– Нүркен Ардашерұлы, жасөспірімдер неге қылмысқа ұрынады, қылмыстың алдын алу жолдары бар ма?

– Қылмыстар мен құқықбұзушылықтардың біршамасы жұмыспен айналысып тәрбиеге мән бермеген ата-аналардың кесірінен. Ата-ананың назарынан тыс қалған балалардың әртүрлі қылмысқа баратынын ескеруіміз керек. Бұл қандай да бір нақты отбасының материалдық жеткілікті жағдайына байланысты емес. Отбасының жағдайы бар болуы мүмкін, ата-аналары өз балаларын қазіргі заманға сай үлде мен бүлдеге орап қоюуы мүмкін. Керекті құрал-жабдық, озық техникамен қамтамасыз етіп те қоюы мүмкін, бірақ бала оған қанағаттанбайды. Бала тәрбиесіне ешқандай техника да, ақша да көмектеспейді. Балаға бұл жерде тек қана ата-ананың таптырмайтын тәрбиесі ғана қажет екенін ұмытпаған жөн.

Бұл жағдай кейде керісінше болуы да мүмкін. Ата-ана күн көру мен нан табудың жолында кеткенде бала тағы да қараусыз, бақылаусыз, қадағалаусыз қалады. Өзімен өзі қалған бала не істейді?! Орын, көшеге шығады. Дұрыс емес ортаға түссе, әртүрлі қылмыстарға осылай оп-онай ұрынады. Сондықтан да, екі жағдайда да ата-ана кінәлі, ата-ана бала өміріне жауапты. Атақты педагог А.Макаренко «Тәрбие үнемі, тіпті сіз болмаған кездері де іске асады» деген.

– Ауыр қылмыстарға ұрынатын ба-

лардың статистикасы жоғары екен. Бұған да ата-ана жауапты ма, ортасы, мектеп, айналың бұл реттегі жауапкершілігі қандай?

– Бұның әртүрлі, субъективті себептері бар. Оған әрине, тек ата-ананы кінәлай алмаймыз. Тәрбие деңгейі мен баланың айналасынан, қоршаған ортасынан алатын сабақтары да көп. Абай атамыз: «Адам – өз заманының бүлдіршіні. Оның жаман болуына замандастары кінәлі» – деген. Яғни, бұндай қылмыстарға бір ғана фактор себеп бола алмайды, бұл жиынтық кемшіліктердің ортақ мәселесі. 2022 жылдың 7 айында әр түрлі құқықбұзушылықтар үшін 4429 кәмелетке толмаған жасөспірім полиция мекемелеріне жеткізілген. 259 жасөспірім мен 174 қиын отбасы есепке алынған. Қылмысты бірнеше рет жасағаны үшін 11 кәмелетке толмаған арнайы мектеп-интернатқа орналастырылды.

Қазіргі таңда бізде ата-аналармен жұмыстар жүргізіліп, өз балаларының тағдырына жауапкершілікпен қарауға шақыру істері атқарылып жатыр. Көрсетілген кезеңде 51 ата-ана мен қамқоршы ата-аналық құқығынан айырылды.

Өз балаларының тәрбиесі бойынша міндеттерін тиісті орындамағаны үшін 122 ата-ана әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Бұл жердегі мәселе – ата-аналардың педагогтар мен полиция қызметкерлерін түсінгісі кел-

мейтіндігінде. Кезінде атақты классик Лев Толстой: «баланы тәрбиелеудегі қиындық – ата-аналардың өздерін ақтап, кемшіліктерін түзмей, бұл кемшіліктерді балаларының бойынан көрмеуге тырысатындықтарында» деген. Міне сондықтан кейбір жауапсыз ата-аналар сот залынан табылып, қылмыстық және азаматтық жауапкершілікке тартылуда.

– Ал, бауыр еті баласы жазатайым от басып, қылмысқа барып қалса, ондай ата-аналар бірінші кезекте не істеуі тиіс? Балаға қалай қолдау көрсеткені жөн?

– Бала тәрбиесінде бірінші жаңуясы, ата-анасы, қоршаған ортасының орны зор. Бірақ көп жағдайда кейбір ата-ананың балалар тәрбиесі жөнінде жалпы түсініктері болғанымен, олардың психологиялық мүмкіндіктері жайлы ойлай бермейді. Ата-ананың барлық кезде баланы назарда ұстауы парыз. Сонда оның бүкіл мінез-құқындағы өзгерісті бақылай алады. Күдікті көрінген мәселеде оған бірінші болып көмек те бере алады.

– Бір рет қылмысқа барған бала, қайта қылмыскер атанып бостандығынан айырылмау үшін жақындыры не істеу керек? Қандай мамандардың кеңесіне жүгінгені, жаза басқан баланы қалай тәрбиелегені дұрыс?

– Кәмелетке толмағандар арасында алдын алу мәселесімен айналысатын білім беру орындары мен кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторлар бар. Ата-ана сол арнайы мамандармен жұмысты, байланысты жақсарту керек. Ол жасөспіріммен ересек адамдарша қарым-қатынаста болған абзал. Баламен ашық әңгіме ғана оны көп нәрседен сақтандырады.

– Әңгіменізге, кеңесіңізге рақмет. Жемісті еңбек тілеймін.

Нүрбек ҚОШКЕЛГЕН

ОЙТҮРТКІ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ – ҚАУІПСІЗ ӨМІРДІҢ КЕПІЛІ

«Қазақстан халықаралық міндеттемелеріне және адам құқықтары мен заң үстемдігі саласындағы әмбебап қағидаттарға бейілдігін сақтайды. Біз саяси жаңғыруға негізделген бағытымызды ешқашан өзгертпейміз», – дейді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекетіміз елдігін алған сәттен бастап адам құқығы мен бостандығы басты назардан түскен емес. Оған дәлел, Президентіміз бір сөзінде: «Мен адам құқықтарын қорғау бағытына ерекше назар аударамын, өйткені оның

жай-күйі, сайып келгенде, біздің қоғамның даму деңгейіне әсер етеді», – деп атап өткен. Сол себепті, еліміз үшін халық құқығының сақталуы ел дамуымен біте қайнасып жатқан дүние.

Құқықтық сауаттылық – шешіл-

меген мәселедегі үтірге нүкте қойып, сұраққа жауап бере алатын бірден-бір білімнің қайнар көзі. Осы ретте, біз өз құқығымызды жеткілікті түрде білеміз бе? Құқық саласында халық білуі тиіс қандай маңызды ақпараттар бар?



СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Марғұлан ШЫНЫБАЕВ, заңгер:

«Заңгерлер халыққа көмектесуге дайын»

Жеке тұлғаның өзіндік құқығын білмеуінің салдарынан:

Өз атынан өзге адам үшін несие алып береді; Қарызға берген ақшасы туралы қолхат жасамайды;

Өзі жете түсінбеген іс-әрекеттерге барып, қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Алайда, ол адам өзінің әрекетін қылмыс деп санамайды. Өйткені, оның құқық саласында сауаттылығы жоқ. Мәселен, қарапайым мысал, бір адамның затын рұқсатсыз алу – ұрлық. Тіпті, кей жағдайда үйден рұқсатсыз қаражат алсаңыз да, ол – ұрлық. Осыған қатысты бір жағдайды айтып берейін, бір бала өз үйінде тұрған ақшаны бизнеске салып, кейін түскен табыстан орнына қоямын деген. Ал әке-шешесі ұрлық бойынша арыз жазған. Сөйтіп, баласының алғаны анықталып, оның ісі қылмыс болып есептелді.

Жалпы, қазіргі халықтың құқықтық сауаттылығын – 40% ғана деп бағалаймын. Сондықтан әркім өз білімін жетілдіруге атсалысуы қажет. Біз өзіміздің құқығымызды білу арқылы, жалпы жауапкершілікті түсіну арқылы өзіміздің сауаттылығымызды арттырамыз.

Қарапайым кеңес: ешқайда бармай-ақ, еш жерге шықпай-ақ, үйде отырып, ютубтағы заңгерлердің әңгіме, сұхбаттарын тыңдау арқылы білімді арттыруға болады.

Ал осы тұста құқық қорғау органдарының халыққа көрсетіп жатқан қызметтері жөнінде айтар болсам, олардың қызметтері заң аясында орындалып жатыр. Бірақ, қазіргі таңда жемқорлықтың әлі де азаймай тұруына байланысты, кейбір қызметтерге көңілім толмайды. Мысалы, ел азаматтарын ресейліктер алдап, банк атын жамылып, ұялы телефонына хабарласып, қаржыларын жымқырып жатыр. Бізде сол жағдаймен шетелге өтіп кеткен қаржыны табу өте қиын. Осы мәселені бір жүйеге салу керек деп ойлаймын.

Ал халық арасындағы ең бір кемшін тұс ретінде – несиеге қатысты дүниелерді айтуға болады. Елімізде несиеге деген сұраныстың жоғары болғандығы сондай, қазіргі күні халықтың 90 пайызға жуығында несие бар. Халықтың осы несиемен жәбу және оның негізгі шарттары мен орындалуы жөнінде білім аз. Бірнеше банк бөлімшесінен алынған несие жеке тұлғада қаржылық

және құқықтық сауаттылық жоқ екендігінің айқын көрінісі.

Жалпы, халықтың адам құқығына байланысты білуі керек бірнеше дүние бар. Мәселен, Конституцияға енгізілген өзгерістер бойынша, бізге мажоритарлық тандау құқығы берілген. Сол арқылы біз жергілікті депутаттарды партия арқылы емес, тікелей өзіміз тандай аламыз. Сонымен қатар, кеңестік сот құрылды. Яғни, І,ІІ,ІІІ дәрежелі сотқа қатысып, ұтылып қалатын болсақ, Конституциялық сотқа баруға құқығымыз бар. Міне, халық көп байқай бермейтін, адам құқығына қатысты осындай мүмкіндіктер қарастырылған. Осы мәселеге орай, мемлекет басшысы осы жылы адам құқығына қатысты көп өзгерістер енгізді. Атап өткенімдей, Конституциялық сот, халықта мажоритарлық сайлау жүйесі пайда болып, Президент өзінің лауазымына қатысты өз құқықтары мен міндеттерінің санын азайтты, суперпрезиденттіктен президенттік басқаруға көшті. Алайда заң терминологиясында «суперпрезиденттік» деген термин жоқ болғанымен, саясатта осындай ұғым пайда болды. Халық үшін заң тұрғысында біршама дүние жеңілдетілді. Бірақ әлі де жұмыс жасау керек тұстар бар. Әр адам өз құқығын қорғау үшін, білімі мен сауаттылығын арттыруы үшін жұмыс істеуі керек. Қандай жағдай болмасын, әр жасалған іс-әрекет заң аясында шешілуі қажет.

Үкіметтің қазіргі жұмысына мен 10 баллдық жүйе бойынша 4 деген бағаны ұсынамын. Бізде қабылданған заңдар жақсы, бірақ орындалуы қиын. Мәселен, кіші бизнестерге әртүрлі жағдайлар қарастырылған. Бірақ ол жағдайлар толық атқарылып жатыр деп айта алмаймын.

Оқырманға айтар кеңесім: егер бір іске кірісуге бел бусаңыз, ең алдымен оның заңдылығын толығымен біліп алыңыз. Біз – заңгерлер, халықпен әрқашан білгенімізбен бөлісуге дайынбыз. Не болмаса ғаламтор, ютубтағы заңгерлердің ақыл-кеңесін тыңдап, заңдылықтарды білуге мүмкіндік бар. Қарапайым ескеру керек дүниелер: қарызға ақша бердіңіз бе, қолхат алыңыз, оны дұрыс жазыңыз; несие рәсімдеп жатсаңыз, пайызы көп болып кетпес үшін, есептеп көріңіз; көлік сатып жатсаңыз, оны сату жолдарын, үй алып жатсаңыз, оны алудың негізгі шарттарын, құжаттарын толық қарап шығыңыз. Мәселен, қазір үй сатып алғаннан кейін ғана, оның қызыл сызықта «красная линия» тұрғанын біліп жатқан адамдар бар. Жер алғанымен, ол жерде үй салуға тыйым салынған болуы да мүмкін. Сондықтан осындай тұрмыстық заттарға қатысты мәселелер алдында, заңгермен кеңесіп немесе ғаламтордан жан-жақты зерттеп алғаннан кейін ғана іс-әрекетке көшкен жөн.

Жібек ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ ИНСТИТУТЫНЫҢ ЖЕТІСТІГІ КӨП



Елімізде әкімшілік әділет институтының жемісті жұмыс жасай бастағанына бір жылдан асты. Осы аралықта Құқық арқылы демократия үшін Еуропа комиссиясының (Венеция комиссиясы), Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі Герман қоғамының (GIZ) және басқа да танымал институттар мен сарапшылардың жоғары бағасын алып үлгерген Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс өз өміршеңдігін көрсетті десек артық айтқандық емес. Себебі, аталған құжат мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін, әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға байланысты қатынастарды, әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібін реттеді.

Мемлекет басшысы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты жолдауында бұл институттың мемлекеттік аппарат пен азаматтардың өзара қарым-қатынасын жаңадан қалыптастыратынын атап өтіп, заңнамадағы

барлық қайшылықтар мен көмескіліктердің азаматтар мен бизнестің мүддесіне орай түсіндірілуі керектігін тапсырған болатын. Себебі, осыған дейінгі тәжірибе көрсеткендей, жеке және заңды тұлғалар көп жағдайда мемлекеттік органның ықпалында қалып келді. Жеке және заңды тұлғалардың жария-құқықтарын, бостандықтарын мен мүдделерін толық іске асыру, жария-құқықтық қатынастарда жеке және қоғамдық мүдделердің теңгеріміне қол жеткізу, тиімді және бүкпесіз мемлекеттік басқаруды, оның ішінде адамдардың басқару шешімдерін қабылдауға қатысуы арқылы қамтамасыз ету, мемлекеттік басқаруды цифрлық трансформациялау, жария-құқықтық саладағы заңдылықты нығайтуды көздейтін әкімшілік рәсімнің тәжірибеге енуі нәтижесінде мұндай кемшіліктер жойылып, жеке азамат пен бизнестің мүддесін соттар қорғай бастады.

Жалпы, әкімшілік талап қою дегеніміз жария-құқықтық қатынастардан туындайтын, бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарды, бостандықтарды немесе заңды мүдделерді қорғау және қалпына келтіру мақсатында сотқа берілген талап екені белгілі. Осы орайда, өңір бойынша жеке сот орындаушыларының әрекетіне қатысты және мемлекеттік сатып алу мен салық даулары жиі кездесетінін атап өткен жөн.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 16-бабына сәйкес, әкімшілік сот ісін жүргізу соттың белсенді рөлі негізінде жүзеге асырылады. Атап айтсақ, сот әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемелерімен, арыздарымен, өтінішхаттарымен, дәлелдермен, дәлелдемелермен шектеліп қана қоймай, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызды бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толықтай зерттеп, әкімшілік істің нақты және заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айта алады. Халыққа қалтқысыз қызмет ететін заңнама-лардың қатары толығып, азаматтардың құқықтары қорғалып, заң үстемдігі нығайса – бұл еліміздің құқықтық саласындағы жетістік. Ал бытыр ғана құрылған әкімшілік соттар – мемлекет пен азаматтар арасындағы даулар бойынша шешуші рөл атқаруда.

Абай САБИРАДИНОВ,
Түпқараған аудандық сотының
судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

Ересек адамды, оның ішінде қылмыс жасап істі болған адамды тәрбиелеу – күрделі жұмыс. Сондықтан, ЗК- 169/1 тергеу изоляторында экстремизм және терроризм баптары бойынша сотталғандарды тәрбиелеуде мекеме қызметкерлері жан-жақты, әр бағытта жұмыс жүргізеді. Соның бірі ретінде соңғы күндері теріс ағым ұстанған сотталғандарды көркем шығармалар арқылы тәрбиелеуге ден қойылуда.

КӨРКЕМ ШЫҒАРМА – ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ



– Бүгінгі сабақта М.Жұмабаевтың «Сағындым» өлеңін жатқа оқыдым. Маған қатты ұнады. Түрмеде отырып, ішкі мұңын, сағынышын білдірген. Дәл ақын жазғандай сезімдерді мен де басымнан өткердім. Анамды, жарымды, туған жерімді сағынып жүрмін. Бұл жерде уақыт өтпейді. Сондықтан камераға әдеби кітаптар алдыртып оқимын. Оқыған кітаптарымнан рухани нәр аламын. Сондықтан ба, өмірге деген көзқарасым да өзгеріп келеді, – дейді Секен есімді сотталған азамат.

Расында бостандықтың қадірін темір қапасақ түскенде түсіну өкінішті. Бірақ, бабаларымыз «Адақанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң» дегенді тегін айтпаған. Ең бастысы, түзеу мекемесіндегі тәрбие адамның санасын өзгертіп, қоғамға бейімдей алса болғаны.

– Менің туған жерім – Түркістан қаласы. Мағжанның «Түркістан» деген өлеңі – елім, жерім, ерім деп сокқан ақын жүрегінің қайнарынан төгілген отаншылдық жырдың шынайы да шебер үлгісі


екен. Өлеңді оқи отырып туған жерімнің тарихы туралы біраз нәрсе танып, білдім. Мектепте оқып жүргенде білімге аса көңіл бөлмегенім өкінемін. Егер сол кезде рухани кемелденуге, әдебиет пен тарихты танып-білуге көңіл бөлсем, бәлкім мұнда түспес едім, – дегенді

Секен күрсіне айтты

– Әдебиет – көркем ойлаудың көрсеткіші. Әсіресе, поэзияның адам сезіміне әсері ерекше. Осы орайда, мекеме қамауындағы арнайы контингентке М.Жұмабаевтың шығармаларын оқыту арқылы тәрбие жұмысы жүргізілді. Сотталғандардың өз сұраныстары бойынша өткізілген бұл сабақта ақынның өмір жолы таныстырылып, өлеңдері оқылды. Ақынның көңіл-күйі, табиғат лирикасы олардың санасында ұнамды мінез-құлық қалыптастырып, ізгілік бесігіне бөлейтін рухани адамгершілік тәрбиесін берсе, туған жерге, тілге арналған өлеңдері мен поэмалары олардың бойында ұлтжандылық сезімдерін оятып, патриоттық тәрбие қалыптастырса, мақсатымыздың орындалғаны, – дейді, мекеме бастығының тәрбие жөніндегі орынбасары, әділет майоры Қ.Олжабаев.

Раушан НАРБЕКОВА
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

Баспасөз – 2023



Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемид» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғмыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921.

ҚАЛАЛАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 3638,40 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 7276,80 ТЕҢГЕ

ОБЛЫСТАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 3844,80 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 7689,60 ТЕҢГЕ

заңды тұлғалар үшін – 15921

ҚАЛАЛАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4538,40 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9076,80 ТЕҢГЕ

ОБЛЫСТАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4744,80 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9489,60 ТЕҢГЕ

✉ zanklama@mail.ru

ТАРАТУ

6. «Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі Бөгенбай би ауылының бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі таратылғаны туралы хабарлайды (БСН 980240001344). Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, 021200, Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Зеренді селосы, Ленин көшесі, 43.

7. «Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі Қошқарбай ауылының Мәди Хасенов атындағы бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі таратылғаны туралы хабарлайды (БСН 971240002076). Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, 021200, Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Зеренді селосы, Ленин көшесі, 43.

ӨРТҮРЛІ

4. ҚР, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Еңбек ауылы, №022, 116 анықтама кварталда орналасқан «Аса DAMU» ЖШС, БСН 140440013886, Бас директорының ауысқаны туралы хабарлайды. 29.07.2022 жылғы қатысушылардың Шешімі негізінде Курманбеков Асан Асилтаевич бас директор болып тағайындалды. Бұрынғы бас директор – Курманбеков Усен Асилтаевич.

8. «КазМикрокредКомп» микроаржа ұйымы» ЖШС (БСН 191140020807) осы хабарландыру арқылы жарғылық капиталдың азайғанын хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 айдың ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, «Самал-1» ықшамауданы, 29 үй, А-5 кеңсесі.

Нұр-Сұлтан қалалық сотының ұжымы және Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Нұр-Сұлтан қалалық филиалы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың судьясы

Әлқожаев Қыдырбек Қорғанбекұлының

мегізсіз қайтыс болуына байланысты, туған-туыстарына орны толмас ауыр қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының басшылығы, судьялары мен аппараты Нұр-Сұлтан қалалық қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

Қыдырбек Қорғанбекұлы Әлқожаевтың

қайтыс болуына байланысты оның отбасына және туған-туыстарына ауыр қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Орталық кеңесі Нұр-Сұлтан қаласының қылмыстық істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

Әлқожаев Қыдырбек Қорғанбекұлының

мегізсіз қайтыс болуына байланысты, туған-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetisaiity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argdawk_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7142) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА!

– Армысыз, Жасұлан Дәуренұлы?
– Жаксы. Сіз, түрмеге не үшін келдіңіз, Айман ханым?
– Маған келуге тыйым салынған ба?!
– Маған кездесуге тыйым салынған. Осыдан бес жыл бұрын менің адвокатым бола тұра, ақтай алмай, жазықсыз сотталып кеттім.
– Жә, жә, ашуланбаңыз. Сізге өте маңызды ақпаратпен келіп отырмын. Әлі сіздің адвокатыңызбын.
– Қандай ақпарат тағы? Мен сізге де, сотқа да, заңға да сенбеймін. Ақиқат болғанда мен мұнда отырмас едім.
– Сол сәтте сізді ақтауға толық, бұлтартпас дәлел болмады. Сенесіз бе?! Сіз мұнда жатқанда мен қарап жатқан жоқпын. Сіздің ісіңіз бойынша іздеп, тың деректер тапқандаймын.
– Сосын.
– Сіздің ісіңізді қайта қарау жөнінде Жоғарғы Сотқа, Бас прокуратураға өтініш жаздым. Енді өзіңізбен нақтылайтын деректер бар. Осы күнге дейін жинаған айғақтарымымен бөлісуге келдім.
– Ондай болса құлағым сізде, Айман ханым.
– Жасұлан Дәуренұлы, ескі жараны қайта тырнау ауыр тиетінін білем, дегенмен сұрауға, білуге мәжбүрмін. Айданың құрбысы, сіздің ортақ досыңыз Толқынмен соңғы рет қашан сөйлестіңіз? Менен ештеңе жасырмауыңызды сұраймын.
– Соңғы екі жылда Толқынмен мүлде хабарласпадым. Түрмеге түскен алғашқы жылдары ол үнемі хат жазып, керек-жарағымды жіберіп жүрді. Ақталып шығасын, сенің кінәсіз екеніңді білем дейтін. Нақты қылмыскерді тауып, сені ақтап аламын, дейтін. Кейінгі жылдары хабарсыз кетті. Соңғы бір сөйлескенде ауырып қалдым, ұзақ емделем, шетелге барамын, деген еді.
– Мүлдем хабарсызбын деңіз.
– Сенбей, отырсыз ба?
– Жок, сендім.
– Оны неге сұрадыңыз?
– Толқынның бұл қылмысқа қатысы болуы мүмкін бе?
– Білмеймін. Толқынның бұл қылмысқа қандай қатысы бар?
– Үш ай бұрын Толқын қайтыс болды.
– Мүмкін емес... Өтірік...
– Жасұлан мырза, отырыңыз. Иман-ды болсын! Жасұлан Дәуренұлы, сәл сабыр сақтаңыз. Сізді жақында еркіндікке шығарып аламыз. Оған толық дәлел бар. Сізге келген басты себебім, Толқынның хатын соңында окисыз, маған Аидамен қалай таныстыңыз, Толқын қай жерден қосылды, ештеңе қалдырмай, ештеңе бүкпей толық айтып беруіңіз керек! Жұырда болатын сотта сізді ақтап алуыма бұның үлкен көмегі тимек. Ештеңе бүкпеңіз!

– Ой, не болды? – дедім ұйқымыды кимай.
– Сен, әлі тұрмағансың ба? – деп күлгендей болып еді.
– Иә, таңда келгем.
– Менің машина сынып тұр. Сенің көмегің керек.
– Қандай? Қайда барамыз? – дедім тағы да салғырт.
– Вованың тамағы бітіп қапты. Қоян сатып әкелейіңкіші, – деді. Жүрегім зу еткендей болды.
Жуындым да, Аидаға келдім. Аида қаладағы ең қымбат шағын аудан «Highvill Astana» тұратын. Көп күттірмей шықты. Екеуміз қаланың шетіндегі тірі жәндіктер сатағын зоодүкенге тарттық. Аяқ-астынан жылан туралы тереңірек білгім келді ме, әлде Аиданы сөйлеткім келді ме, оның жыланы жайлы сұрақтарды жаудырдым.

Аиданың айтуынша: Вованы Қытайдағы таныстары тауып берген. Құнына кішігірім бір үйдің бағасын алған. Қымбат! Жыланды өзімен билеуге үйретуіне 4-5 айдан артық уақыт жұмсаған. Бала күнінен жәндіктерге жақын болыпты. Атка мініп серуендегенді, табиғатқа шығып сейіл құруды ұнатады. Қазіргі Қазақстандағы бишілердің қолындағы жыландар питон және анаконда жыландарының тұқымына жатады. Аиданың Вовасы анаконда тұқымдас. Оның ұзындығы 3 метрден артық. Салмағы 30 килограмм. Ол әлі осу үстінде 6-7 метрге дейін өсе береді. Жыландар өте сезімтал, кірпіз болады. Қорыққан адамдарды

бірден біледі, батыл адамдарға тиісе бермейді екен. Аида жыландар мұдден қорықпайды, керісінше оның жан-дүниесін зерттеп жүр. Ауырса емдейді, көңіл-күйі болмаса серуендетеді. Қарны ашса тамақтандырады. Еркелетеді. Оны балаша қарап, күтім жасауда. Аиданың әңгімесін тыңдап отырып қаланың шетіндегі зоодүкенге де жеттік. Қалада қанша тұрса да тірі жәндіктер сағатын мұндай дүкен бар екенін білмеппін. Зоодүкеннің сатушылары Аидамен жақсы таныс екен. Бірден 10 қоян сатып алдық. Аидадан азырақ алмадың ба деп сұрадым.
– Жасик, – деп күлді. Вова, бір жегенде 10 қоян жейді. Таң қалдым! Со-сын 15-20 күн бойы тамақ ішпейді. Ол кофе ішу әдетке айналған. Кофе сергітіп қана қоймай, тәбетті ашты. Балық сорпасына тапсырыс берді. Ыстық балық сорпасының адам ағзасына пайдасы туралы Аидаға білгенімді айтудамын. Ол тәкаппарлана қарап, үнсіз жымып қояды. Бәлкім, басқа бірдене ойлап отырған болар. Баяу ғана «lovely» әні ойнап тұр. Музыка тыңдап, жақсы көретін адамныңмен осылай демалғанды ұнатамын. Біздің тыныштығымызды бейтаныс қыздың үні бұзды. Заманауи стильмен киінген орта бойлы, ару қыз Аиданы құшақтап, сүйіп жатыр. Аиданың да құшағы ашылған, жүзінен қуаныш байқалады. Көптен көрмеген құрбылар секілді. Қасынан орын ұсынған Аида мені таныстырды.

– Бурбай туралы аңыз көп қой. Қайсысы рас, қайсысы өтірігі белгісіз, – деді Аида.
– Білсеңдер айтыңдар, естіңк дедім. Жол қысқарсын, біз секілді асабаларға керек, жақсы дүние тыңдап қалайық.
– Біреуін айтып берейін, – деп Толқын бастап кетті.
– Көкшетау, Бурбай өңірі үш жүздің басын қосқан Абылайханның мекені. Әйгілі ханның шудасы желпілдеген, бойы осы қарағайдай ақ бұрасы болыпты-мыс. Бұра басқа түйелерге қосылмай, қалың орманды жалғыз кезіп, саяқ жүреді екен. Бұрын үлкендерден шөлге ең шыдамды жануар түйе деп еститінімін. Түйе 40 күн шөлге шыдаса керек. Ақ бұра да шөлдегенде Айнақолге келіп су ішіп, шомылып қайтатын болған. Атақты Абылай жауға аттарда бұрасын ұстап әкеліп, байлап тағайды деген аңыз бар. Таңертең бұра қай жаққа қарап шөгіп жатса, сол жаққа жауға аттанып жеңіспен оралып отырған. Жеңіспен оралған ханды ақ бұра қарсы алады дегені де бар. Өте қасиетті бұра болса керек. Болжамаған жерден елге жау шабар болса бұра күні бұрын сезіп, боздап, шапқылап ханға белгі беріп отырған. Хан да соған сай қамданып, жауына төтеп беріпті. Ақ бураның осындай қасиетін білген жауы жасырынып келіп, бураны садақпен атыпты. Оқ тиген бұра жынын шашып, жауына атылыпты. Жаудың бір-екеуін мерт қылып, Айнақолдің жағасында әлсіреп өлсе керек. Шөккен күйі өлген киелі бураның денесі тасқа айналып кеткен. Содан кейін осы ала-ды «Бурбай» деп аталыпты. Міне, қысқаша осындай бір аңыз бар.


– О, қандай тамаша аңыз! Аңыз түбі ақиқат деген, Толқын, – деп қостадым.
– Толқын, сен аңыз айтуға шебер екенсің, – деп Аида күлді. Үшеуіміз қосыла күлдік.
– Естігенім мен оқығанымды айттым. Аздап бояп та жібердім-ау. Қазақ даласы аңыз бен әпсанаға толы, – деп тоқтады Толқын.
– Толқынды естіп толқып отырмыз, ех, туған жер! – деп қостадым. Екі қыз қосыла күледі.
– Ал, достар, жол қысқарды, Бурбайға да жеттік. Күннің көзін жасырған биік ағаштардың ішіндегі жіңішке жол бізді ормандардың ортасындағы ең тамаша «Бурбай» демалыс орнына алып келді. Алдын ала тапсырыс берілген. «Респешен» жылы қабылдап, қысқаша демалыс орнымен таныстырып, бөлмеміздің кілтін берді.

Түскі астан кейін арқамаызға шағын сөмкемізді асып Бурбайдың тарихи жерлерін аралауға аттандық. Демалысымызды екі түрлі мақсатта пайдалануды алдын ала ақылдасқанбыз. Саф ауа мен тауда дем ала жүріп, тарихи жерлерді аралау. Осы өлкенің қыр-сырын, тарихын, жолын жақсы білетін «гидпен» те келісіп қойғанбыз. Бетін күн қақтаған, бойы ортадан сәл жоғары, арық, жігіт ағасы Сәбит біздің жолбасшымыз. Ертеген сұлу аттай құлпырып тұрған екі қызға қарап сүйсінесің.

– Ал, кеттік пе, қыздар?
– Кеттік.
– Ендеше, жол бастаңыз, Сәбит аға.
– Дайын болсаңыздар, кеттік, – дейді ол кісі қолымен күнді көлегейлеп.
Ербол БЕЙЛІХАН
(Жалғасы бар)

– Ау, не болды? – дедім ұйқымыды кимай.
– Сен, әлі тұрмағансың ба? – деп күлгендей болып еді.
– Иә, таңда келгем.
– Менің машина сынып тұр. Сенің көмегің керек.
– Қандай? Қайда барамыз? – дедім тағы да салғырт.
– Вованың тамағы бітіп қапты. Қоян сатып әкелейіңкіші, – деді. Жүрегім зу еткендей болды.
Жуындым да, Аидаға келдім. Аида қаладағы ең қымбат шағын аудан «Highvill Astana» тұратын. Көп күттірмей шықты. Екеуміз қаланың шетіндегі тірі жәндіктер сатағын зоодүкенге тарттық. Аяқ-астынан жылан туралы тереңірек білгім келді ме, әлде Аиданы сөйлеткім келді ме, оның жыланы жайлы сұрақтарды жаудырдым.

ҚЫЗҒАНЫШ ҚҰРБАНЫ



– Ау, не болды? – дедім ұйқымыды кимай.
– Сен, әлі тұрмағансың ба? – деп күлгендей болып еді.
– Иә, таңда келгем.
– Менің машина сынып тұр. Сенің көмегің керек.
– Қандай? Қайда барамыз? – дедім тағы да салғырт.
– Вованың тамағы бітіп қапты. Қоян сатып әкелейіңкіші, – деді. Жүрегім зу еткендей болды.
Жуындым да, Аидаға келдім. Аида қаладағы ең қымбат шағын аудан «Highvill Astana» тұратын. Көп күттірмей шықты. Екеуміз қаланың шетіндегі тірі жәндіктер сатағын зоодүкенге тарттық. Аяқ-астынан жылан туралы тереңірек білгім келді ме, әлде Аиданы сөйлеткім келді ме, оның жыланы жайлы сұрақтарды жаудырдым.

Аиданың айтуынша: Вованы Қытайдағы таныстары тауып берген. Құнына кішігірім бір үйдің бағасын алған. Қымбат! Жыланды өзімен билеуге үйретуіне 4-5 айдан артық уақыт жұмсаған. Бала күнінен жәндіктерге жақын болыпты. Атка мініп серуендегенді, табиғатқа шығып сейіл құруды ұнатады. Қазіргі Қазақстандағы бишілердің қолындағы жыландар питон және анаконда жыландарының тұқымына жатады. Аиданың Вовасы анаконда тұқымдас. Оның ұзындығы 3 метрден артық. Салмағы 30 килограмм. Ол әлі осу үстінде 6-7 метрге дейін өсе береді. Жыландар өте сезімтал, кірпіз болады. Қорыққан адамдарды

бірден біледі, батыл адамдарға тиісе бермейді екен. Аида жыландар мұдден қорықпайды, керісінше оның жан-дүниесін зерттеп жүр. Ауырса емдейді, көңіл-күйі болмаса серуендетеді. Қарны ашса тамақтандырады. Еркелетеді. Оны балаша қарап, күтім жасауда. Аиданың әңгімесін тыңдап отырып қаланың шетіндегі зоодүкенге де жеттік. Қалада қанша тұрса да тірі жәндіктер сағатын мұндай дүкен бар екенін білмеппін. Зоодүкеннің сатушылары Аидамен жақсы таныс екен. Бірден 10 қоян сатып алдық. Аидадан азырақ алмадың ба деп сұрадым.
– Жасик, – деп күлді. Вова, бір жегенде 10 қоян жейді. Таң қалдым! Со-сын 15-20 күн бойы тамақ ішпейді. Ол кофе ішу әдетке айналған. Кофе сергітіп қана қоймай, тәбетті ашты. Балық сорпасына тапсырыс берді. Ыстық балық сорпасының адам ағзасына пайдасы туралы Аидаға білгенімді айтудамын. Ол тәкаппарлана қарап, үнсіз жымып қояды. Бәлкім, басқа бірдене ойлап отырған болар. Баяу ғана «lovely» әні ойнап тұр. Музыка тыңдап, жақсы көретін адамныңмен осылай демалғанды ұнатамын. Біздің тыныштығымызды бейтаныс қыздың үні бұзды. Заманауи стильмен киінген орта бойлы, ару қыз Аиданы құшақтап, сүйіп жатыр. Аиданың да құшағы ашылған, жүзінен қуаныш байқалады. Көптен көрмеген құрбылар секілді. Қасынан орын ұсынған Аида мені таныстырды.

– Ау, не болды? – дедім ұйқымыды кимай.
– Сен, әлі тұрмағансың ба? – деп күлгендей болып еді.
– Иә, таңда келгем.
– Менің машина сынып тұр. Сенің көмегің керек.
– Қандай? Қайда барамыз? – дедім тағы да салғырт.
– Вованың тамағы бітіп қапты. Қоян сатып әкелейіңкіші, – деді. Жүрегім зу еткендей болды.
Жуындым да, Аидаға келдім. Аида қаладағы ең қымбат шағын аудан «Highvill Astana» тұратын. Көп күттірмей шықты. Екеуміз қаланың шетіндегі тірі жәндіктер сатағын зоодүкенге тарттық. Аяқ-астынан жылан туралы тереңірек білгім келді ме, әлде Аиданы сөйлеткім келді ме, оның жыланы жайлы сұрақтарды жаудырдым.

Аиданың айтуынша: Вованы Қытайдағы таныстары тауып берген. Құнына кішігірім бір үйдің бағасын алған. Қымбат! Жыланды өзімен билеуге үйретуіне 4-5 айдан артық уақыт жұмсаған. Бала күнінен жәндіктерге жақын болыпты. Атка мініп серуендегенді, табиғатқа шығып сейіл құруды ұнатады. Қазіргі Қазақстандағы бишілердің қолындағы жыландар питон және анаконда жыландарының тұқымына жатады. Аиданың Вовасы анаконда тұқымдас. Оның ұзындығы 3 метрден артық. Салмағы 30 килограмм. Ол әлі осу үстінде 6-7 метрге дейін өсе береді. Жыландар өте сезімтал, кірпіз болады. Қорыққан адамдарды

бірден біледі, батыл адамдарға тиісе бермейді екен. Аида жыландар мұдден қорықпайды, керісінше оның жан-дүниесін зерттеп жүр. Ауырса емдейді, көңіл-күйі болмаса серуендетеді. Қарны ашса тамақтандырады. Еркелетеді. Оны балаша қарап, күтім жасауда. Аиданың әңгімесін тыңдап отырып қаланың шетіндегі зоодүкенге де жеттік. Қалада қанша тұрса да тірі жәндіктер сағатын мұндай дүкен бар екенін білмеппін. Зоодүкеннің сатушылары Аидамен жақсы таныс екен. Бірден 10 қоян сатып алдық. Аидадан азырақ алмадың ба деп сұрадым.
– Жасик, – деп күлді. Вова, бір жегенде 10 қоян жейді. Таң қалдым! Со-сын 15-20 күн бойы тамақ ішпейді. Ол кофе ішу әдетке айналған. Кофе сергітіп қана қоймай, тәбетті ашты. Балық сорпасына тапсырыс берді. Ыстық балық сорпасының адам ағзасына пайдасы туралы Аидаға білгенімді айтудамын. Ол тәкаппарлана қарап, үнсіз жымып қояды. Бәлкім, басқа бірдене ойлап отырған болар. Баяу ғана «lovely» әні ойнап тұр. Музыка тыңдап, жақсы көретін адамныңмен осылай демалғанды ұнатамын. Біздің тыныштығымызды бейтаныс қыздың үні бұзды. Заманауи стильмен киінген орта бойлы, ару қыз Аиданы құшақтап, сүйіп жатыр. Аиданың да құшағы ашылған, жүзінен қуаныш байқалады. Көптен көрмеген құрбылар секілді. Қасынан орын ұсынған Аида мені таныстырды.

– Ау, не болды? – дедім ұйқымыды кимай.
– Сен, әлі тұрмағансың ба? – деп күлгендей болып еді.
– Иә, таңда келгем.
– Менің машина сынып тұр. Сенің көмегің керек.
– Қандай? Қайда барамыз? – дедім тағы да салғырт.
– Вованың тамағы бітіп қапты. Қоян сатып әкелейіңкіші, – деді. Жүрегім зу еткендей болды.
Жуындым да, Аидаға келдім. Аида қаладағы ең қымбат шағын аудан «Highvill Astana» тұратын. Көп күттірмей шықты. Екеуміз қаланың шетіндегі тірі жәндіктер сатағын зоодүкенге тарттық. Аяқ-астынан жылан туралы тереңірек білгім келді ме, әлде Аиданы сөйлеткім келді ме, оның жыланы жайлы сұрақтарды жаудырдым.

Аиданың айтуынша: Вованы Қытайдағы таныстары тауып берген. Құнына кішігірім бір үйдің бағасын алған. Қымбат! Жыланды өзімен билеуге үйретуіне 4-5 айдан артық уақыт жұмсаған. Бала күнінен жәндіктерге жақын болыпты. Атка мініп серуендегенді, табиғатқа шығып сейіл құруды ұнатады. Қазіргі Қазақстандағы бишілердің қолындағы жыландар питон және анаконда жыландарының тұқымына жатады. Аиданың Вовасы анаконда тұқымдас. Оның ұзындығы 3 метрден артық. Салмағы 30 килограмм. Ол әлі осу үстінде 6-7 метрге дейін өсе береді. Жыландар өте сезімтал, кірпіз болады. Қорыққан адамдарды

бірден біледі, батыл адамдарға тиісе бермейді екен. Аида жыландар мұдден қорықпайды, керісінше оның жан-дүниесін зерттеп жүр. Ауырса емдейді, көңіл-күйі болмаса серуендетеді. Қарны ашса тамақтандырады. Еркелетеді. Оны балаша қарап, күтім жасауда. Аиданың әңгімесін тыңдап отырып қаланың шетіндегі зоодүкенге де жеттік. Қалада қанша тұрса да тірі жәндіктер сағатын мұндай дүкен бар екенін білмеппін. Зоодүкеннің сатушылары Аидамен жақсы таныс екен. Бірден 10 қоян сатып алдық. Аидадан азырақ алмадың ба деп сұрадым.
– Жасик, – деп күлді. Вова, бір жегенде 10 қоян жейді. Таң қалдым! Со-сын 15-20 күн бойы тамақ ішпейді. Ол кофе ішу әдетке айналған. Кофе сергітіп қана қоймай, тәбетті ашты. Балық сорпасына тапсырыс берді. Ыстық балық сорпасының адам ағзасына пайдасы туралы Аидаға білгенімді айтудамын. Ол тәкаппарлана қарап, үнсіз жымып қояды. Бәлкім, басқа бірдене ойлап отырған болар. Баяу ғана «lovely» әні ойнап тұр. Музыка тыңдап, жақсы көретін адамныңмен осылай демалғанды ұнатамын. Біздің тыныштығымызды бейтаныс қыздың үні бұзды. Заманауи стильмен киінген орта бойлы, ару қыз Аиданы құшақтап, сүйіп жатыр. Аиданың да құшағы ашылған, жүзінен қуаныш байқалады. Көптен көрмеген құрбылар секілді. Қасынан орын ұсынған Аида мені таныстырды.

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83. Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80. Жазира Әбіл 8 702 514 54 44. Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86. Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665 Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.
Алматы облысы	
Ақтөбе облысы	
Атырау облысы	
Маңғыстау облысы	
Қызылорда облысы	
Түркістан облысы	
Батыс Қазақстан облысы	

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмухамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5527 дана
Апталық таралым 11 054 дана
Тапсырыс №126 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрілігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31